Задание. Спрогнозируйте содержание произведения, просмотрев иллюстрации. (Один ученик предлагает свой вариант



развития сюжета повести, остальные его дополняют).



Учащимся можно предложить сделать короткие записи по предполагаемому сюжету, после прочтения сравнить результаты.

Работа с незнакомыми словами. Данный вид работы позволит не только повысить словарный запас учащихся, но

и уровень понимания текста.

Задание. Заполнить таблицу. Подобрать к слову из 1 колонки значение из 2 колонки. Правильность выполнения задания проверить по словарю в конце учебника [1, с. 114]

Слово	Значение
Ладунка	Верхняя одежда из кожи, овчинный тулуп
Кожух	Башмаки
Паляница	Коробка, жестянка
Черевики	Обрядовая рождественская песня
Колядка	Каравай, коврига белого хлеба

Стратегии текстовой деятельности помогают сделать процесс чтения интерактивным. При чтении большого по объёму текста необходимо разбить его на небольшие фрагменты и побудить учеников задавать собственные вопросы к тексту.

Работая над произведением Н.В.Гоголя «Ночь перед Рождеством», подробно изучаем сюжетную линию повести о взаимоотношениях главных героев Оксаны и Вакулы. В тексте описано несколько эпизодов, связанных с главными героями. Чтобы охарактеризовать героев, понять истинный смысл их поступков, оценить действия, важна кропотливая работа с текстом.

На данном этапе эффективной считаю

стратегию «Чтение с пометами», которая позволяет вести самоконтроль понимания текста. Например, «+» - понятно, «-» - непонятно, «?» - остались вопросы. Интересующие вопросы по тексту, ученику следует записать. Для дальнейшей работы над пониманием текста можно организовать игру «Перестрелка», где учащиеся задают вопросы одноклассникам, на которые не смогли найти самостоятельно ответ по тексту. Игра позволит ребятам глубже понять текст и даст мотивацию на дальнейшее прочтение произведения.

Как вариант можно предложить стратегию «Репортёр» в парах. При выполнении данной работы каждый ученик, читая произведение или эпизод, собирал ин-

формацию или формулировал вопросы по тексту для обсуждения в паре или нахождения ответов.

Стратегии послетекстовой деятельности формируют умение использовать прочитанный материал в различных ситуациях, формах, интерпретировать его

Задание. Работа с иллюстрацией А.П.Бубнова «Возвращение Вакулы с черевиками».

Рассмотрите иллюстрацию. Найдите и перечитайте этот эпизод повести. Поделитесь своими впечатлениями.

Что стремился передать художник, изображая Оксану? Какие чувства мучили Оксану перед неожиданной встречей с Вакулой?

Как переданы на иллюстрации переживания кузнеца Вакулы?

Подготовьте художественный пересказ эпизода, изображенного на иллюстрации А.П.Бубнова «Возвращение Вакулы с черевиками».

Государственным стандартом обуче-

ния определены метапредметные результаты освоения учебной программы каждого предмета. Поэтому применение на уроках русской литературы стратегий, позволяющих овладеть навыками смыслового чтения, поможет не только повысить скорость чтения, но и развить умение понимать прочитанное, давать оценку информации, откликнуться на её содержание. Если ученику будет понятен язык книги, перед ним раскроется удивительный мир знаний, который ему обязательно захочется изучать. Вспоминаются слова В.А.Сухомлинского, которые по сей день актуальны: «Все споры и размышления о том, как сделать обучение воспитывающим, будут беспредметными, пока в жизни подростка самообразование не наберет необходимого веса. Жизнь современного человека не мыслима без того постоянного духовного общения с книгой, которое вдохновляет гордым человеческим стремлением возвеличить самого себя» [3, с.109]

Использованная литература:

1. Бодрова Е.В. Русская литература. Учебник-хрестоматия для учащихся 6 кл. общеобраз.шк. с рус.яз.обуч/ Алматы: Алматыкітап баспасы, 2018 -114 с.
2. Инструктивно-методическое письмо «Об особенностях учебно-воспитательного процесса в организациях среднего образования Республики Казахстан в 2021-2022 учебном году» - Нур-Султан: НАО им.Ы.Алтынсарина, 2021.
3. Соснина Н.А. Беседа на уроках литературы в 4-6 классах: пособие для учителя.- М.: Просвещение,1987, 109 с.
4. http://kazobraz.ucoz.ru/knigi/tekhnologija-strategialnyj_podkhod_k_obucheniju_ch.pdf





АЙҚАС ТҮЗУЛЕРДІҢ АРАҚАШЫҚТЫҒЫН ТАБУДЫҢ АЛГЕБРАЛЫҚ ӘДІСІ

С.Ж. Кужакова

Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі,
математика пәнінің мұғалімі, Ақтөбе қаласы

Аңдатпа. Бұл мақалада арақашықтықты табудың оқушылар үшін қиындық тудырмайтын алгебралық әдісі туралы айтылады.

Аннотация. В данной статье описан алгебраический метод нахождения расстояния между скрещивающимися прямыми, который не представляет сложности для учащихся.

Abstract. This article describes an algebraic method for finding the distance between the skew lines, which can easily be applied by students.

Кілт сөздер: айқас түзулер, арақашықтық, алгебралық әдіс.

Ключевые слова: скрещивающиеся прямые, расстояние, алгебраический метод.


Key words: skew lines, distance, algebraic method.

Мектеп геометрия курсына айқас түзулердің арақашықтығын табуда ортогональ проекциялау, векторлық, координаталық әдіс сонымен қатар олардың біреуінде жатқан нүктеден екінші түзу арқылы өтетін және бірінші түзуге параллель жазықтыққа дейінгі қашықтықты алу әдістерін қарастырамыз. Ортогональ проекциялау мен параллель жазықтықтарды табу оқушыларға қиындықтар тудырады, себебі айқас түзулердің арақашықтығын табуда бұл әдістер қосымша сызбалар жүргізуді қажет етеді. Ал векторлық және координаталық әдістер бағдарлама бойынша оқу жылының соңында қарастырылатын болғандықтан, арақашықтықты табудың оқушылар үшін қиындық тудырмайтын алгебралық әдісін көрсеткелі отырмыз.

Ол үшін осы әдісті басқа әдістермен салыстырып сипаттайтын есептер қарастырайық.

Есеп №1: Қыры 1-ге тең кубтың көршілес жақтарының өзара айқас диагональдарының арақашықтығын табыңыз.


1-әдіс: ABCDA₁ B₁ C₁D₁ кубын қарастырайық. A₁B мен B₁C (сурет 1) түзулерінің арасындағы қашықтықты табамыз.



1-сурет


Ортогональ проекция әдісі арқылы A₁B диагоналіне перпендикуляр және B нүктесі арқылы өтетін жазықтыққа кубты проекциялайық. (Куб төбелерінің проекциялары штрихпен белгіленген 2-суретте). Есептің шешімі B' нүктесінен B'C' -түзуіне дейінгі қашықтықты табуға тіреледі. AB₁C₁D жазықтығы A₁B-ға перпендикуляр болғандықтан, A'B₁C₁D' тіктөртбұрышы A B₁ C₁D-ға тең.

Бірақ B' - $A'B_1$ кесіндісінің ортасы, бұдан, $B'B_1C'$ - тікбұрышты үшбұрышында $B'B_1 = \frac{\sqrt{2}}{2}$, $B'C' = 1$, $B_1C' = \sqrt{\frac{3}{2}}$. Егер $B'M$ - B_1C' - гипотенузасына жүргізілген биіктік. $B'M = \frac{B'B_1 \cdot B'C'}{B_1C'} = \frac{1}{\sqrt{3}}$. Жауабы: $\frac{\sqrt{3}}{3}$ [1].



Алгебралық әдіс: Қабырғасының ұзындығы a тең $ABCD A_1 B_1 C_1 D_1$ кубы берілген. AB_1 және BD түзулерінің арақашықтығын табыңдар.

Шешуі: AB_1 түзуінің бойынан еркін K нүктесін аламыз (3 сурет). K нүктесінен BD түзуі тиісті ABD жазықтығына перпендикуляр тұрғызамыз. K нүктесінің проекциясын L арқылы белгілейік. L нүктесінен BD түзуіне перпендикуляр тұрғызамыз және оның қиылысуын M нүктесі арқылы белгілейміз. Демек KLM тікбұрышты үшбұрышын аламыз және үш перпендикуляр туралы теорема бойынша KM және BD түзулері перпендикуляр болады. KL кесіндісінің ұзындығын x деп алайық. ALK үшбұрышы теңбүйірлі тікбұрышты үшбұрыш, демек AL ұзындығы да x -ке тең. Бұдан BL ұзындығы $(a-x)$ -ке тең. BML үшбұрышы теңбүйірлі тікбұрышты үшбұрыш, демек $LM = \frac{a-x}{\sqrt{2}}$. Пифагор




теоремасы бойынша $KM = \sqrt{x^2 + \frac{(a-x)^2}{2}} = \sqrt{\frac{2x^2 + a^2 - 2ax + x^2}{2}} = \sqrt{\frac{3x^2 - 2ax + a^2}{2}}$.

(1)

$f(x) = 3x^2 - 2ax + a^2$ функциясын минимумге зерттейік. Функция туындысы $f'(x) = 6x - 2a$ -ға тең. $x = \frac{a}{3}$ нүктесі минимум нүкте, $x = \frac{a}{3}$ мәнін (1) өрнекке қою

арқылы $\min(KM) = \frac{a}{\sqrt{3}}$ аламыз. Енді $\frac{a}{\sqrt{3}}$ мәнінің AB_1 және BD түзулері үшін ең қысқа арақашықтық болатындығын дәлелдейік. Үш перпендикуляр туралы теорема бойынша $KM \perp BD$, бірақ KM түзуі AB_1 түзуіне перпендикуляр емес, себебі K нүктесін қалауымыз бойынша алдық. KM кесіндісін минимумға зерттей келе $KM \perp AB_1$ болады. Олай болса екі айқас түзу арқылы екеуіне перпендикуляр бір кесінді ғана жүргізуге болады және ол кесіндінің ұзындығы олардың арақашықтығының ең қысқасын береді. Демек, $\frac{a}{\sqrt{3}}$ мәні AB_1 және BD түзулерінің арақашықтығы.

Екі айқас түзулердің арақашықтығын табудың алгебралық әдісінің алгоритмін құрайық. Ол үшін α және β параллель емес



жазықтықтары, бұл жазықтықтарда кеңістікте қиылыспайтын a және b түзулері берілсін. a және b түзулерінің арақашықтығын табыңдар (4 сурет).


- 1) b түзуінің бойынан кез келген нүктені аламыз және оны B нүктесі арқылы белгілейміз.
- 2) B нүктесінен a жазықтығына перпендикуляр тұрғызамыз және B нүктесінің проекциясын C нүктесі арқылы, ал ұзындығын x деп белгілейміз.
- 3) C нүктесінен a түзуіне перпендикуляр тұрғызамыз, қиылысу нүктесін A арқылы белгілейміз. AC кесіндісінің ұзындығын x арқылы өрнектейміз.
- 4) Пифагор теоремасы арқылы AB -ны x -пен өрнектейміз.
- 5) AB -ны минимумға зерттейміз. AB -ның минимум мәні a және b түзулерінің арақашықтығы болады.

Есеп №2: $SABC$ пирамидасының табанында қабырғасы $4\sqrt{2}$ -ге тең теңқабырғалы үшбұрыш орналасқан, ал SC бүйір қыры 2-ге тең және табан жазықтығына перпендикуляр. BC қырының ортасы және S нүктесі арқылы өтетін түзу мен AB қырының ортасы және C нүктесі арқылы өтетін айқас түзулердің арасындағы қашықтықты табыңыз.


1-әдіс: 5-суретте берілген пирамида кескінделген. D және E нүктелері сәйкес AB және BC қырларының орталары. CD –ға перпендикуляр жазықтыққа пирамиданы проекциялайық. Проекция кескіні 6-суретте бейнеленген. CD – D' нүктесіне, E –нүктесінің проекциясы $B'D'$ –кесіндісінің ортасы E' –ке проекцияланады. $B'D' = \frac{1}{2} B'A' = \frac{1}{2} BA = 2\sqrt{2}$, $S'D' \perp A'B'$ және $S'D' = SC = 2$. Изделінді қашықтық D' нүктесінен SE' түзуіне дейінгі қашықтыққа тең, яғни $S'D'E'$ тікбұрышты үшбұрышының SE' гипотенузасына жүргізілген биіктікке тең. $E'D' = \sqrt{2}$, $S'E' = \sqrt{(S'D')^2 + (E'D')^2} = \sqrt{6}$. Изделінді

арақашықтық $\frac{S'D' \cdot E'D'}{S'E'} = \frac{2\sqrt{2}}{\sqrt{6}} = \frac{2}{\sqrt{3}}$ -ке тең.

Жауабы: $\frac{2\sqrt{3}}{3}$ [1].



5-сурет



6-сурет

2-алгебралық әдіс: SE түзуінің кез келген бір нүктесінен (K нүктесі) ABC жазықтығына перпендикуляр түсірейік, оның табанын M нүктесі деп белгілейік. M нүктесінен CD түзуіне перпендикуляр түзу жүргіземіз, қиылысу нүктесін T деп белгілейік. Сонда ізделінді қашықтық үш перпендикуляр теоремасы бойынша KT кесіндісі болады (7-сурет). KM кесіндісін x деп белгілейік. $\triangle KME$ тік бұрышты үшбұрышын қарастырайық, $\triangle KME \sim \triangle SCE$, себебі салуымыз бойынша KM параллель SC. ME-ні табайық, $\frac{2}{x} = \frac{2\sqrt{2}}{ME}$, $ME = \sqrt{2}x$, $CM = 2\sqrt{2} - \sqrt{2}x$. Енді $\triangle CDB$ мен $\triangle CMT$ -ны қарастырайық. Бұл

үшбұрыштар ұқсас. $\frac{BD}{MT} = \frac{BC}{CM}$, $\frac{2\sqrt{2}}{MT} = \frac{4\sqrt{2}}{2\sqrt{2} - \sqrt{2}x}$,

$MT = \frac{2\sqrt{2} - \sqrt{2}x}{2}$. $\triangle KMT$ - дан Пифагор


теоремасы бойынша: $KT = \sqrt{KM^2 + MT^2}$.

$KT = \sqrt{x^2 + \frac{(2\sqrt{2} - \sqrt{2}x)^2}{4}}$. $KT = \frac{1}{2}\sqrt{6x^2 - 8x + 8}$. Енді

x - тің қандай мәнінде KT ұзындығы ең аз шама (минимумды) қабылдайды. Осы сұраққа жауап берейік. Ол үшін квадрат түбір астындағы функцияны $f(x)$ -деп белгілеп x -тің қандай мәндерінде оның минимум болады. $f'(x) = 12x - 8$, $x = \frac{2}{3}$ нүктесінде түбір астындағы функция

минимум мәнін қабылдайды, олай болса $KT = \frac{1}{2}\sqrt{6 \cdot \frac{4}{9} - 8 \cdot \frac{2}{3} + 8} = \frac{2}{\sqrt{3}}$. Жауабы:

$$\frac{2\sqrt{3}}{3}.$$




№3 Есеп: Қабырғасының ұзындығы a тең дұрыс тетраэдр берілген. Қарама-қарсы қырларының арақашықтығын табындар.

1-әдіс: Тетраэдрдың AB және DC қырларының арақашықтығын табу үшін DC қыры арқылы өтетін AB қырына перпендикуляр (LDC) жазықтығын жүргізейік (8-сурет). $DL=LC$, L нүктесінен DC қырына перпендикуляр түзу жүргізейік, қиылысу нүктесін K арқылы белгілейік, демек LK кесіндісі AB және DC айқас түзулерінің арақашықтығы.

$$DL = CL = \sqrt{a^2 - \frac{a^2}{4}} = \frac{\sqrt{3}a}{2}$$

$$LK = \sqrt{\frac{3a^2}{4} - \frac{a^2}{4}} = \frac{\sqrt{2}a}{2}$$

Жауабы: $\frac{\sqrt{2}a}{2}$





Алгебралық әдіс:

Шешуі: $ABCD$ дұрыс тетраэдр (9-сурет).

$$DO \perp (ABC), OC = R_{ABC} = \frac{a}{\sqrt{3}}, DO = \sqrt{a^2 - \frac{a^2}{3}} = \frac{\sqrt{2}a}{\sqrt{3}}$$

$$KM = x, MC = \frac{x}{\sqrt{2}},$$

$$ML = LC - MC = \frac{a\sqrt{3}}{2} - \frac{x}{\sqrt{2}} = \frac{a\sqrt{3} - \sqrt{2}x}{2}$$


$$f(x) = 6x^2 - 2\sqrt{6}ax + 3a^2$$

$$f'(x) = 12x - 2\sqrt{6}a = 0$$

$$x = \frac{2\sqrt{6}a}{12} = \frac{\sqrt{6}a}{6}$$

$$\min(KL) = \frac{1}{2}\sqrt{a^2 - 2a^2 + 3a^2} = \frac{\sqrt{2}a}{2}.$$

$$\text{Жауабы: } \frac{\sqrt{2}a}{2}.$$



9-сурет

Стереометрия курсы бойынша оқушыларға тапсырмалардың көпшілігі түзулердің арасындағы арақашықтықты емес, олардың арасындағы бұрышты табуға беріледі. Себебі айқас түзулер арақашықтығын табуға берілген есептерді шешуде оқушылар ортақ перпендикулярды тұрғызуда қиналады. Сондықтан да айқас түзулердің арақашықтығын та-

буда жаңа бір әдісті қосу оқушылар үшін ізденіс жолын жеңілдетері анық. Жүргізілген тәжірибелер қорытындысы бойынша айқас түзулердің арақашықтығын табуға берілген есептерді шешуде оқушылардың көпшілігі есепті алгебралық әдіспен шешуге ұмтылады. Бұған дейінгі берілген әртүрлі әдістердің ішінен оларға осы әдіс тиімді болып көрінеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. И. Ф. Шарыгин, В. И. Голубев, Факультативный курс по математике: Решение задач: Учеб. Пособие для 11 кл.сред. шк.-М.: Просвещение,1991.-384 с.
2. Шыныбеков Ә. Н. Геометрия. Жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбына арналған оқулық.-2-басылымы.-Алматы: Атамұра,2011.-128 б.
3. Потускуев Е. В. Математика: алгебра и начала математического анализа, геометрия. 10 кл. Углубленный уровень: учебник / Е. В. Потускуев, Л.И. Звавич.-М.: Дрофа, 2013.-223, [1] с.



СЕКРЕТЫ ХОРОШЕЙ ПРЕЗЕНТАЦИИ

Н.А. Гой

Аңдатпа. Мақалада презентацияны дайындау ережелері туралы айтылады. Автор сабаққа презентацияны дайындау кезінде түс, фон, қаріпті қолдану тәжірибесімен бөліседі, ұсыныстар береді.

Аннотация. В статье говорится о правилах подготовки презентации. Автор делится опытом использования цвета, фона, шрифта при подготовке презентации к урокам, дает рекомендации.

Abstract. The article talks about the rules for preparing a presentation. The author shares his experience of using color, background, font when preparing a presentation for lessons, gives recommendations.

Түйінді сөздер: қаріп, мәтін, анимация, дыбыспен жұмыс, презентация дайындау.

Ключевые слова: шрифт, текст, анимация, работа со звуком, подготовка презентации

Key words: font, text, animation, working with sound, presentation preparation.

За мой учительский век мною было создано немало презентаций в программе PowerPoint. Пришлось повидать много и работ коллег, и презентаций, созданных учениками. Знаю не понаслышке, что на создание даже одной такой работы уходит много времени. Иногда на простейшую презентацию, сопровождающую урок, приходилось тратить по 2–3 часа. А если говорить о такой форме, как виртуальная экскурсия, то тут затрачивается в разы больше времени! Но зато такой ресурс – многоразовый, добротный и, что очень важно, мобильный и вариативный. Поэтому искренне не понимаю, зачем многие учителя, создавая презентации, тратят своё время на совершенно ненужные назойливую анимацию, пугающие звуковые эффекты, огромный текст, устрашающие цвета фона слайда и т. д.

Давно разработаны правила для оформления презентаций, а нам лишь нужно адаптировать эти правила для использования презентаций на уроках в школе, учитывая здоровье детей.

Хочу оговориться, что себя не считаю образцом для подражания, наверняка, в моих работах есть недочёты и ошибки оформления. Я лишь желаю помочь кол-

легам избежать ошибок в дальнейшей работе и делюсь той информацией, которую нашла на различных сайтах:

<http://nachalka.com/node/1349>
http://comp-science.narod.ru/pr_prez.htm
<http://delopodushe.ru/method/stats/6>

Общее оформление

Итак, основная цель презентации – читаемость, а не красота. Оформление слайда не должно отвлекать внимание от содержательной части.

Если презентация готовится для какого-либо публичного представления (например, конкурсной работы или проекта), то на первом слайде пишется не только название презентации, но и имена авторов (в ученическом случае – и руководителя проекта) и дата создания.

Слайды лучше нумеровать, воспользовавшись путем Вставка-Колонтитулы-Номер слайда. Это очень помогает, когда вы ведете объяснение и прописываете текст, который сопровождает презентацию. Вы никогда не отстанете от демонстрации и не убежите вперед. Более того, это поможет в любой момент вернуться к нужному этапу объяснения.

Не стоит использовать на одном слайде изображения разного формата, напри-



мер, одновременно фотографии и рисунки. Графические файлы, иллюстрации должны быть в одном стиле, одного размера и формата.

К сожалению, очень часто приходится сталкиваться в презентациях с рисунками, не несущими смысловой нагрузки, от них нужно избавляться, конечно, если они не являются частью стилизового оформления.

На каждом слайде должно быть не более двух-трех картинок. Изображения должны быть не размытыми, чёткими, они должны быть наглядностью, а не украшать,

Что немаловажно, все слайды презентации должны быть выдержаны в одном стиле (фон; название, размер, цвет, начертание шрифта; цвет и толщина различных линий и т. п.). Тогда презентация не только будет выглядеть гармонично, но и каждый отдельно взятый слайд не будет отвлекать внимание слушателей своим неожиданно новым оформлением.

Фон и цвет

Глубоко убеждена, что лучший фон для презентации – белый. Черное на белом – наиболее удачный вариант. Все будет видно даже при использовании слабого проектора в светлой комнате. Темно-синий – тоже очень хороший вариант. Много лет назад я выбрала для своих презентаций сочетание шрифта двух цветов: темно-синий как основной и темно-бордовый для выделения. Эти два цвета прекрасно сочетаются, являются достаточно яркими, но не кричащими. Когда мне пришлось делать презентации для проекта ТВ-уроков, то здесь дизайнерами были даны установки на шрифт фиолетового цвета, что тоже соответствует нормам.

Плохо смотрятся темные фоны и фоны, содержащие активный рисунок. Обращаться к готовым шаблонам в школе вообще не стоит. Очень осторожно работайте с оттенками зеленого цвета. Ядовитый зеленый цвет заливки, на котором написаны формулы или текст, отвлекает от самих формул.

Шрифт и текст

Размер шрифта на слайдах должен быть не менее 24–54 пункта (заголовки), 18–36 пунктов (обычный текст), а шрифт понятным (например, Tahoma, Times NR или Calibri). Лично я всегда использую последний. На проекте ТВ-уроков мы использовали Tahoma. Информация в презентации должна быть хорошо читаема даже с последних парт класса или рядов аудитории.

О цвете шрифта уже говорилось ранее, но стоит повторить, что не рекомендуется использовать в презентации более 3 цветов.

Не используйте для выделения слов на слайдах подчеркивание (это будет напоминать о гиперссылках), лучше выделить цветом или размером.

Курсив, подчеркивание, жирный шрифт, прописные буквы рекомендуется использовать только для смыслового выделения фрагмента текста.

Каждая прямая цитата, которую комментирует или даже просто приводит учитель (будь то эпиграф или цитаты по ходу урока) размещается на отдельном слайде, обязательно с полной подписью автора (имя и фамилия, инициалы и фамилия, но ни в коем случае – одна фамилия, исключение – псевдонимы). Приветствуется фотография автора цитаты, конечно же, в хорошем разрешении.

Стихи лучше прочитать учителю или ученику, а не записывать на слайде презентации. Но если это небольшой эпиграф или изречение, то они очень хорошо воспринимаются учащимися в презентации.

Не загромождайте отдельный слайд большим количеством информации. Оптимальное число строк на слайде 6–11.

Не нужно выносить на слайды слова учителя «определите, докажите, соедините, проверьте, отгадайте» – инструкцию может дать учитель устно, если презентация предназначена для фронтальной работы. Исключение: тренажеры, тесты, игры для индивидуальной работы, где ребенок должен сам прочитать задание и выполнить его без помощи учителя. К сожалению, мы сейчас имеем очень мно-

го ресурсов на сайте СМК, на слайдах презентаций которых авторы указывают цель урока, инструкции по выполнению заданий и прочее, что является неправильным. Целеполагание осуществляется учителем совместно с классом, инструкции по выполнению заданий на слайде лишь в редких случаях уместны.

Требования к оформлению заголовков:

Заголовки не должны быть длинными.

Точка в конце заголовка не ставится.

Если в презентации повторяется заголовок на нескольких слайдах, лучше проследить, чтобы он оставался на том же месте, того же цвета и размера.

Анимация

Вопрос анимации на слайдах очень актуальный. Она уместна лишь, если презентация имеет характер игры, викторины, или какой-либо другой формы, которая требует активного участия аудитории, то на каждом слайде должен быть текст только одного шага, или эти «шаги» должны появляться на экране постепенно.

Даже в этом случае анимация не должна быть слишком активной. Особенно нежелательные такие эффекты как вылет, вращение, волна, побуквенное появление текста и т. д.

Анимация может быть полезна для выделения на презентации каких-либо ключевых слов и цифр, а также правильных ответов в тестовых вопросах. Например, по щелчку ряд цифр в таблице меняют свой цвет с синего на бордовый. Это привлечет дополнительное внимание к ним аудитории.

Таблицы и диаграммы

Если таблица, которую вы хотите разместить в презентации, слишком объемна – разбейте ее на несколько слайдов. Не мельчите, пытайтесь запихнуть все в один слайд.

У диаграммы должно быть название или же названием может служить заголовок слайда.

Диаграмма должна занимать все место на слайде. Линии и подписи должны быть хорошо видны.

Работа со звуком

Звуковое сопровождение чаще всего излишне в учебной презентации. Даже если идет тихая фоновая музыка, она создает излишний шум и мешает объяснению учителя. Исключением являются презентации к урокам литературы и видеофрагменты, которые учитель не предполагает комментировать во время просмотра.

Если без звукового оформления всё же не обойтись, то оно должно отражать суть или подчеркивать особенность темы слайда, презентации.

В заключение скажем, что презентация к уроку имеет два равноправных предназначения. Первое – облегчение процесса усвоения материала учеником, создание у него целостного образа, изучаемого на уроке.

Второе – облегчение процесса подачи материала для учителя. Вместо долгого объяснения явления можно показать его фотографию, вместо рисования чертежа или решения примера на доске можно показать процесс рисования и решения на слайдах.

Кроме того, однажды подготовленную презентацию можно использовать в нескольких параллельных классах, а также в течение нескольких лет преподавания.

Таким образом, облегчение процесса подачи и усвоения информации – основа любой презентации.

Помните, что презентация должна быть интересной и наглядной, не утомляйте слушателя монотонным текстом или переизбытком ярких цветов.

Использованная литература:

1. Гарр Рейнольдс Литагент «Диалектика (альфа-книга)» 311 с.
2. Сагман С. Эффективная работа с Power Point. / Пер. с англ. - СПб.: Питер, 2015. - 192с.



ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ДЫБЫСПЕН ЖАТТЫҚТЫРУ ӘДІСІН ҚОЛДАНУ

А.Г.Досмаганбетова

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасы Жангелдин ауданының
«Ы.Алтынсарин жалпы білім беретін мектебі» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Аңдатпа. Заманында өзі қараңғыда жүрсе де, халқын алға, түптен көрінген сәулеге қарай сүйреген Ер болған Ахмет Байтұрсынұлының атын «Әліппесін» шамшырақтай жаңғырту арқылы шығарып, сол арқылы ұлттық сананы қайта жаңғырту – тарихта сақталатын ерлік те, алғыс та, халықты ағарту үшін жанын қиған Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерін қамтыған.

Аннотация. В статье говорится о вкладе А.Байтұрсынова в развитие образования в Казахстане. Показано использование звукового метода обучения, предложенного А.Байтұрсыновым при изучении казахского языка.

Abstract. The name of Akhmet Baitursynov, who in his time was a man who led his people forward, to the light from the bottom, brought out the «alphabet» through a light revival, thereby reviving the national consciousness – the work of Akhmet Baitursynov, who gave his life for the sake of courage, gratitude, and enlightenment of the people, which is preserved in history.

Түйінді сөздер: А. Байтұрсынов, дыбыстық әдіс, қазақ тілі, фонетика.

Ключевые слова: А.Байтұрсынов, звуковой метод, казахский язык, фонетика.

Key words: A.Baitursynov, sound method, Kazakh language, phonetics.

Қазіргі қазақ тілі. Кезінде «көшпелілер мәдениетін» жасаған, отты қару пайда болғанға дейін мыңдаған жылдық адамзат тарихында ең қаһарлы болған күш- бабалар тілінің жалғасы.

Сәбидің гуілін, ананың әлдиін, ағаштың сыбдырын, бұлақтың сылдырын алыста жүрсең – туған елге деген сағынышыңды, жақында болсаң сүйінішіңді жеткізген «толғауы тоқсан қызыл тіл» сөйлеймін десе не дер еді?

Қазақта «Сын түзелмей, мін түзелмейді» деген сөз бар. Тілімізді қанша мақтап, бөркімізді аспанға лақтырғанмен, қазіргі қоғамдағы қазақ тілінің мүшкіл халі оған жанашыр адамның қабырғасына батпай қоймайды. Мына жаһанданудың алапат заманында «Қазақ тілі өлмейді» деп еш әрекетсіз ұрандау-барып тұрған жуапсыздық. «Тілі жоқ жұрттың өзі

де жоғалады» деген қағиданы басты назардан әркез шығармауымыз абзал.

Қазақ тілін оқыту әдістемесі ғылым болып бірден қалыптасқан жоқ. Оның да өзінің тарихи даму жолдары бар. Қазақ халқының тарихында баланы ана тілінде оқыту және оқыту әдісіне көңіл бөлу ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннен басталды десек артық емес. Ұлы Торғай жерінде Ы.Алтынсариннің соққан алғашқы қоңырауы арқылы қазақ баласы мектеп табалдырығын аттады. Енді осы білім шаңырағында жүйелі түрде іргелі пән ретінде жүргізілетін сабақтардың оқулықтары мен оқу құралдары жазылып, олардың бағдарламалары жасалуы қажет болды. Бұл үлкен де ауқымды, әрі жауапкершілігі мол іс еді. Сондықтан да, ең алдымен қазақтың көзі ашық оқығандарының бәрі бұл

іске жабыла кіріседі. Солардың бірі-халқымыздың біртуар перзенті, ұлт-азаттық қозғалысының көсемі, «Алаш» партиясының негізін қалаушы, мемлекет және қоғам қайраткері, лингвист, түркітанушы, әдебиеттанушы ғалым, ақын, аудармашы Ахмет Байтұрсынұлы еді.

XX ғасырдағы қазақ рухани мәдениетіндегі көшбасшыларының бірі болған Ахмет Байтұрсынұлы – өмірі аңызға, шығармашылығы үлкен маңызға ие болған көрнекті тұлға. Ол өзінің құдай берген талантын туған халқына деген сүйіспеншілікпен суғарып, толассыз еңбекпен шыңдаған қайсар да қаһарман ғалым. Ол – қараңғылық тұңғығынан жарық жұлдыздай жарқырап шығып, айналасына нұр, шуақ себуген өткен ағартушы. Жастайынан тағдыр талқысын көріп өскен Ахметті өсірген де, ғылым мен мәдениеттегі көсегесін көгерткен де халық үшін еткен еңбегі, елі үшін еңсере жасаған қызметі. Ұлт маңдайына біткен тұлғаның туған тіліне деген құрметі жоғары болды. Оны бәрінен биік қойды.

А. Байтұрсынов – қазақ балаларының ана тілінде сауат ашуына да көп күш жұмсады. 1902 жылдан бастап ашылған үш жылдық бастауыш мектептерде шәкірттер сауатын алдымен орыс тілінде ашатын. Қазақша оқылатын пәндердің тілі қазақша болғанымен, жазуы, яғни ресми түрде қабылданған графикасы жоқ еді. Сондықтанда әр мұғалім өз ыңғайына қарай не орыс, не араб жазуларын пайдаланатын. А.Байтұрсынов бастаған бір топ қазақ зиялылары 1905 жылы 26 шілдеде Ресей Империялық Министрлер Советінің Председателі петиция жазады. Ондағы қойған талаптардың бастылары: қазақ даласында оқу-ағарту ісі дұрыс жолға қойылсын, ол үшін ауыл мектептерінде балалар қазақша сауат ашатын болсын. Оқу ана тілінде жүргізілсін т.б. Осы талаптарды жүзеге асыру үшін А. Байтұрсынов қазақша оқу құралы (1912) тұңғыш әліппе құралын жазды.

Бұл «Әліпбидің» мазмұны қазақ жағдайына қарай, мемлекет білім кеңесінің жаңа программасына үйлесімді болып шыққан. Әңгімелері балалар үшін қызық, жеңіл, заманға лайық «Әліпби» көңілдегідей болып шыққан.

1912 жылы мектеп балаларына қазақша сауаттандыратын «Оқу құралын» жазғаннан кейін көп ұзамай енді мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулық жазуға кіріседі. Бұл оқулықтың фонетикаға арналған 1-бөлімі «Тіл құралы» деген атпен алғаш рет 1915 жылы жарық көрді. Осы кітаптың морфологияға арналған 2-бөлімі 1914 жылы, ал синтаксиске арналған 3-бөлімі 1916 жылы басылып шығып, 1928 жылға дейін әлденеше рет қайта басылып пайдаланылып келді.

«Тіл құралы» - қазақ мәдениетінде бұрын болмаған соны құбылыс. Оның қазақ жұртшылығы үшін мүлде тың дүние екендігін оқулықтың кіріспесінде автор арнайы атап өтеді.

Ол осы оқулықты қазақ грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына тұңғыш қазақша терминдерін ұсынады. Күні бүгінге дейін қолданып жүрген «зат есім, сан есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш» деген т.б. сан алуан лингвистикалық ғылыми терминдердің баршасы А. Байтұрсыновтікі.

Оқулықтың тағы бір құндылығы қазақ тілінің грамматикалық басты салалары – фонетика – дыбыс туралы ғылым, морфология – сөз құрамын зерттеу, ал синтаксис сөйлем құрылысын зерттеу т.б. деп саралап тұңғыш тыңнан ғылыми жол салуында болып отыр.

Ғалымның тіл үйретудегі сіңірген еңбегі мұнымен шектелмейді. Ол қолданбалы грамматиканы да жазған болатын. Бұл жұмысын «Тіл жұмсар» деген атпен екі бөлімді кітап етіп, 1928 жылы Қызылордада шығарған еді. Ахмет Байтұрсынов қазақ тілін оқыту әдістемесінің іргетасын қалаушы. Ол - қазақ тілін дыбысқа бөліп оқыту



арқылы сауаттандыру әдісінің негізін салды. Бұл салада бірнеше әдістемелік мақалалар жазып, соның негізінде 1920 жылы Қазанда «Баяншы» деген атпен методикалық кітапша шығарды. Мұнда автор мұғалімдерге «Әліппені» пайдаланудың, сауат ашу әдістерінің жол-жобасын көрсетіп берді.

Сөйтіп ғұлама ғалым өзінің алдына жүйелі бағдарлама қойып, бұларды біртіндеп шешуге кірісті. Ол алдымен қазақша сауат аштыруды көздеп «Оқу құралды» жазды, онан соң қазақ тілінің ғылыми грамматикасы «Тіл құралын» ұсынды, тілді дұрыс жұмсай білу тәртібін көздеп «Тіл жұмсарын», төртінші – сауат аштыру, тілді оқытудың әдістемесін жасауды алып, «Баяншыны» жазды. Ахмет Байтұрсынұлының «Баяншы» әдістемелік нұсқауы Қазан қаласынан 1920 жылы жарыққа шыққан. «Сөз басында» автор былай деп жазады: «Үйрену һәм үйрету ең басында қиын. Балалар оқудың басында қиналмаса, оқудан тауы шағылмай, көңілі қайтып, мұқалмайды; оқуға ықылас-танып, оқыған сайын қызығады» Жақсы оқытудың негізгі әдістерінің бірі ретінде ғалым баланың бұрынғы білген білігін ұштау, соның негізінде жаңа хабар ұсынуды басты назарда ұстаған сыңайлы. Айталық «Дыбыспен жаттығу» үшін әрбір дыбыстарды саралап алған соң, оны жазу арқылы ұғындыруда мынадай әдіс-тәсіл қолданады: «Жазу дегеніміз – дыбыстың таңбасы. Әр дыбыстың әр елдің таңбасындай таңбасы болады. Таңбасына қарап қай дыбыс екенін танимыз».

XX ғасыр басындағы бала үшін өз елінің таңбасын білу – аса күрделі дүние болмаған. Әрбір ата ана өз елінің, руының таңбасын баласының санасына сіңіріп өсірген. Міне осы жадтағы жазу жүйесін ғалым үлгі ретінде пайымдатып, санаға сәуле түсіріп алып, аналогиялық таным негізінде оның жаңа әріпке тез енуіне, түсінуіне жағдай туғыза алады.

Қазақ фонетикасы тарихында XX ғасырдың басы – классикалық дәуір.

Осы кезеңде Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілінде 28 дыбыс (графемалық дыбыс) бар екенін, жуан/жіңішке сингормо түрімен қосқанда 43 дыбыс бар екенін алғаш анықтады. Ғалым қазақ тілінің дыбыстарын дауысты, жарты дауысты, дауыссыз, қатаң, ұяң, үнді деп атай отырып, олардың түрлерін де дәл анықтап топтастырды. Бұл тұжырымдар қазақ фонетикасында бүгінге дейін өзгеріссіз қолданыста. Бұл – таңданарлық, әрине. Көптеген оқырмандар мен зерттеушілердің көкейінде дыбыстарды зерттейтін лаборатория, лингафон кабинеті жоқ кезде Ахмет Байтұрсынұлы дыбыстарды қалай ғана осылай дөп басып, түр-түрін ажыратып жіктеді екен деген ой туындауы мүмкін.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілі дыбыстарын «осылай болуы керек» деп ішкі түйсігімен (интуициясымен) долбарлап, үстінен дөп түсіп қалған жоқ. Ғалым өз әдісімен қазақ тілі дыбыстарын, тіл ішіндегі функционалды өзгерістерін мұқият бақылай отырып, ғылыми тұрғыдан аса жоғары деңгейде зерделеді. Арнайы фонетикалық аппараттарға сүйенбесе де, тіл дыбыстарының табиғи жүйесіне мұқият назар аударып, олардың сөз ішіндегі, түбір мен қосымша жігіндегі өзгерістеріне назар аударды.

Ал Ахмет Байтұрсынұлы ғасырлар бойы таза қазақ тілде сөйлеген миллиондаған қазақ тілді қауымның аузында дыбысталап қалыптасқан сөздер мен қосымшалардың тұлғасын, синтагмалық өзгерістерін мұқият зерделей отырып, бұлтартпас ақиқатты талдаумен, зерттеумен айналысты. Сондықтан Ахмет Байтұрсынұлының әдісі қазақ тілі дыбыстарының төл табиғатын тануға шынайы мүмкіндік береді.

Олай болса Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілі дыбыстарын жіктеу әдісін өз жүйесімен ашып көрсетейік.

Бүгінгі таңда қазақ тілін оқытуда жазбаша тілдегі сөздердің ауызша тілдегі қатынасы ескерілмей жатады.

Білім алушылар әріп пен дыбысты ажырата алмай, бір үйлесіммен, бір ырғақпен айтылатын сөз тіркестерін жазба тілдегі нұсқамен айтатын дәрежеге жеткен. Ауызша тіл мен жазба тілдегі норманың арақатынасы жайында Ахмет Байтұрсынұлының екі бөлімнен тұратын «Тіл жұмсары» мен «Оқу құралында» баяндалған. Әдіскер-ғалым өтілген мағлұматтарды ауызекі тіліне жеңіл де қысқа ауызша сауалдармен бекітуді де естен шығармаған. Мысалы, 1) әріп пен дыбыс бір ме? 2) қайсысы көрінеді, қайсысы естіледі? 3) ұқсас дыбыстардың әріптері ұқсас бола ма?

Ғалым «Жаза білу үшін тілдегі дыбыстарды тани білу керек. Ол дыбыстарға арналған әріптерін тани білу керек. Таныған әріптерін жаза білу керек. Жазған әріптерін дыбысымен атай білу керек» деп әріп пен дыбысты айырудың әдіс-тәсілдерін нақты мысалдармен көрсетеді.

Сонымен қатар қазіргі таңда дәстүрлі оқытудан жаңартылған білім мазмұнына ауысқан білім беру жүйесінде «білім алушылардың алған білімдерін күнделікті өмірде қолдану» қағидасы басшылыққа алынып жүр. Оқытудың бұл жүйесі де Ахмет Байтұрсынұлының «Баулу мектебі» атты мақаласында баяндалады: «Өлі оқудан» көрі «төте оқу» беретін білім жандырақ. «төте оқудан» гөрі «көрнекі

оқу» беретін білім жандырақ, «баулу» беретін білім бәрінен де жандырақ. «Баулу» асылында дағдылы шағындағы тіпті «бала оқыту» емес, тіршілік ісіне тігілей түсіру».

Осылайша қазіргі жаңашыл деп танылып жүрген технологиялардың түр түрі ғұлама ағартушының еңбектерінде көрініс табады. Бұдан біз сан жылдар бойы жұртшылыққа ұсынылмай, әділ бағаланбай келген Ахмет Байтұрсынұлының оқу ағарту саласындағы әдістерінің өміршеңдігіне көз жеткізуімізге болады.

Заманында өзі қараңғыда жүрсе де, халқын алға, түптен көрінген сәулеге қарай сүйреген Ер болған Ахмет Байтұрсынұлының атын «Әліппесін» шамшырақтай жаңғырту арқылы шығарып, сол арқылы ұлттық сананы қайта жаңғырту – тарихта сақталатын ерлік те, алғыс та, халықты ағарту үшін жанын қиған Ахмет Байтұрсынұлының алдындағы орындалған парыз да. Негізі, жүрегінің сезімталдығы аса нәзік, жанының құлағы ашық адамдар ғана алыс-алыс замандарда қалған адамдардың арманын ести алады дегенге сенген дұрыс. Министріміздің бұл бастамасы – Ахмет Байтұрсынұлының рухын қайта жарқыратуы, ұлттық табиғи логикамен жазылған Әліппенің де рухани жаңғыруы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ахмет Байтұрсынұлы/ көп томдық шығармалар жинағы 1,2,3 том/
2. А.Байтұрсынұлы. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі. – 1992.
3. Қазақ тілі мен әдебиеті журналы 2012 жыл № 4
4. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – 1990. – 448 б.





ОҚЫТУ ОРЫС ТІЛІНДЕГІ МЕКТЕПТЕРДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА ТЫҢДАЛЫМ ДАҒДЫСЫН МЕНҒЕРТУ ЖОЛДАРЫ

С.Т. Намазбаева

Алматы қаласы № 60 гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
педагог - зерттеуші.

Аңдатпа. Мақалада орыс тілінде оқытатын мектептердегі Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында мәтінмен жұмыс істеу кезінде тыңдау дағдыларын игеру туралы айтылады. Оқыту әдістері сипатталады, оқушыларға арналған деңгейлік тапсырмалар келтіріледі, деңгейлік тапсырмалар бойынша көрсеткіштер ашылады.

Түйінді сөздер: тыңдалым дағдылары, деңгейлік тапсырмалар, мәтінмен жұмыс, тыңдалым дағдыларын меңгеру әдістері.

Аннотация. В статье говорится о овладении навыками аудирования при работе с текстом на уроках казахского языка и литературы в школах с русским языком обучения. Описываются методы обучения, приводятся уровневые задания для учащихся, раскрываются показатели по уровневым заданиям.

Ключевые слова: навыки аудирования, уровневые задания, работа с текстом, методы по овладению навыками аудирования.

Abstract. The article tells about mastering listening skills when working with text in the lessons of the Kazakh language and literature in schools with the Russian language of instruction. Teaching methods are described, level tasks for students are given, indicators for level tasks are revealed.

Key words: listening skills, level tasks, working with text, methods of mastering listening skills

Қазіргі жаһандану заманында, ғылымда, білім саласында ең маңызды орын алып отырған оқу-тәрбие үрдісі білім, біліктілік және дағдыны оқушылардың бойына сіңіруге, жеке тұлғаны, азаматтықты қалыптастыруға бағытталған.

Бүгінде тәжірибе жүзінде көретініміз: мұғалім мен оқушының тығыз қарым-қатынасқа түсуіне, оқушының дамуына, білім алушының оқуға деген ынтасының артуына педагогикалық шеберліктің, жаңа технологияның тигізетін әсері өте зор.

Теориялық және практикалық зерттеулер педагогикалық іс-әрекеттегі қиыншылықтардың басым көпшілігі

оқытушылардың ғылыми немесе әдіснамалық дайындығының жеткіліксіздігінен емес, педагогикалық қарым-қатынасқа байланысты екендігін көрсетеді. Қарым-қатынас деп аталатын процесс – аса кең және ауқымды түсінік. Бұл саналы және саналы емес вербалды байланыс, ақпарат алу мен беру, оны жүйелі түрде жеткізе білу үнемі байқалып тұрады. Біздің заманымызда қарым-қатынастың негізгі ережелерінің бірі – сөйлеудің формасы мен мазмұнының нақты аудиторияның жас ерекшелігіне байланыстылығында болып тұр. Сөзді, сөйлемді аяқтап сөйлеу, елдің алдына шығып сөйлеу, сөйлеушінің тыңдаушыға

әсер ету өнері, тыңдаушының қызығушылығының артуы әрі тізбектелген жүйелі білім беруі мұғалімнің ұстанымына, біліктілігіне байланысты.

Педагогикалық үрдіс әлеуметтік іс-әрекеттердің маңызды түрі. Жаңашыл ұстаздар педагогикалық іс-әрекеттің құрылымын үш бөлікке бөлді. [1]

Конструктивті

Ұйымдастырушылық

Коммуникативті іс-әрекеттер.

Мұғалімнің оқу-тәрбие процесі конструктивті, ұйымдастырушылық, коммуникативті іс-әрекеттен тұрады.

Педагогтың конструктивті іс-әрекеті оқу бағдарламасын зерделеп, түсініп меңгеруден басталады. Ұзақ мерзімді жоспарларын, тақырыптық-күнтізбелік жоспарды құрастыру, қысқа мерзімді күнделікті сабақ жоспарын құрастыру түрінде жүзеге асады. Мұғалімнің іс-әрекеттерін үш тізбекке бөлуге болады. Конструктивті-мазмұндық. Конструктивті мазмұндық іс-әрекет оқу материалын таңдау, педагогикалық іс-әрекетті жоспарлау, сабақ, оқу-тәрбие шара жоспарын әзірлеу сияқты іс-әрекеттерден құралады.

Конструктивті-оперативті іс-әрекет педагогикалық процестегі мұғалім мен оқушының іс-әрекеттерін жоспарлау, қолданылатын әдіс-тәсілдерді таңдап, оларды құрастыру түрінде жүзеге асады.

Конструктивті-материалдық іс-әрекет педагогикалық іс-әрекетке қажетті материалдық техникалық базаны құрастыру, ұйымдастыру түрінде іске асады. Яғни мұғалім сабағына қажетті техникалық, көрнекілік құралдарды әр түрлі жабдықтарды анықтайды.

Бұл аталған педагогикалық іс-әрекеттің құрылымдары өзара байланыстылықта, тұтастықта, бір жүйеде жүзеге асады. Оларды жеке-жеке алып қарағанмен, олар өзара тығыз байланыстылықта жүзеге асатын үрдіс.

Оқуы орыс тіліндегі мектептердегі «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша оқу-тәрбие процесі конструктивті

құрастырылған, ұйымдастырушылық және коммуникативті іс-әрекетпен тығыз жүргізілетін дағды тыңдалым дағдысын меңгерту жолдарымен бөліскім келеді. «Білімдіден не пайда білгенін көпке айтпаса, үйреткеннен не пайда қайырымы қайтпаса», – деп ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай іс-тәжірибедегі педагогикалық инновациялар оқу-тәрбие процесінің компоненті ретінде: тәжірибе, жетістіктер, перспективаны қарастыруға болады.

Алға қойған мақсатым: Оқуы орыс тіліндегі мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті сабағында мәтінмен жұмыс жасау түрлерінің бірі тыңдалым дағдысын меңгерту.

Тыңдалым дағдысын меңгерту үшін міндеттерді шешу керек:

Оқу белсенділігін арттыратын ахуал немесе мәдениетті аймақ, бір-бірін тыңдайтын орта құру.

Тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым (тілдік бағдар) дағдыларын тығыз байланыстыра бірге алып жүру, себебі тыңдау кезінде сөздің дыбыстарын естуі, тыңдалымға берілген тапсырмаларды орындауда дұрыс оқуы, жазуы, айтуы бірге орындалады.

Білім алушыны қазақ тілінде сөйлеуге итермелейтін қажетті тапсырмаларды жаңа инновациялық технологияларды қолдану.

Қазақ тілінде сөйлейтін, әр түрлі деңгейдегі үлгерімі нашар (В) немесе үлгерімі орташа (Б) және үлгерімі жақсы (А) оқитын оқушыларға назар аудару, оларға көмектесу, құрметпен қарау, көтермелеу, мадақтау және бағалау.

Тыңдалым дағдысын меңгерту бойынша жүргізілген әдіс түрлері:

Тыңдалым алды тапсырмалар: Оқуға белсенділік арттыратын ахуал немесе мәдениетті аймақ, бір-бірін тыңдайтын орта құруға арналған әдістер білім алушының ойларын шоғырландыру. Тыңдалымды ұйымдастырудан басталады. Мысалы: АКТ қолдану арқылы сабақты бастау.



«Суреттің бір бөлігі» (оқушы ойнай отырып суретті құрастырады, сөздерді қайталайды, өйткені суреттерді құрастыру ол үшін шахмат ойыны сияқты болып көрінеді).

Ән-күй үнемі көңілді көтереді, сол себепті сабаққа жұмылдыру үшін әдемі әуенді әнді сыныппен бірге айтып бастаса құба-құп болар еді. Мысалы: «Добым, добым домалақ!» әні кішкене балаларға арналған және жастарға арналған әуенді түрлері бар. «Алматының алмасы», «Қошақаным» т.б.

«Табиғат даусы» әдісі (Әсем сазды музыка қою. Сылдыраған су, самал жел, шырылдаған шегірткенің үні, сайраған, шикылдаған құстардың дауыстары сазды әуенмен бірге естіледі)

Мұғалім: Сіздер қандай дыбыстарды естіп отырсыздар? Сонымен, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы не туралы деп ойлайсыздар?

Оқушылар: Табиғат туралы. Содан кейін мұғалім сабақтың тақырыбы мен оқу мақсаттарын, бағалау критерийлерін таныстырады. Бұл әдістер оқушының қазақ тілінде сөздерді естіп түсінуге және қазақ тілінде сөйлеуге итермелейді.

«Дыбыстар айтысы» ойыны. Жаңылтпаштарды тез, жатқа айтқызу, көңілді ойын түрінде ешқандай қыспаққа алмай жай ойнату, сондай-ақ ойната отырып қазақ тіліне тән дыбыстарды дыбыстауға,

естуге үйрететін әдіс-тәсілдердің бірі. Мысалы: Үміт түбіт түтті, түбітті түтіп бітті; Мұз тұздай. Тұз мұздай; Шеше, шеше. Неше кесе сынды кеше? т.б.

«Ілмек сұрақ» әдісі: (Оқушының ойын ашық білдіруіне дағдыландыру, сұрақ қою арқылы баланың сабақты пысықтауға, болжауға көмектеседі, үй жұмысының мазмұнына немесе тыңдалым алды тапсырманың мазмұнына қарай сұрақ түрлері өзгеріп отырады). Бастауыш сыныптарда, орта буындағы сыныптарда берілетін тапсырма түрлеріне шағын сюжетті аудиомәтінді тыңдату және түрлі мақсатты көздейтін тапсырмалар құрастыруға болады.

1-тапсырма. Шатастырылған логикалық тізбектер. Мәтінді тыңдаңыз, берілген сұрақтарға дұрыс, бұрыс немесе мәтінде айтылмаған жауаптары бар сөздерді табыңыздар.

Оқушыларға парақта мәтін мазмұны бойынша жазылған сұрақтар және оның жауаптарының бірнеше нұсқасы беріледі. Оқушы жеке жұмыс істейді, мәтінді тыңдап, берілген нұсқадан, шатастырылған тізбектерден дұрыс жауапты табады.

2-тапсырма Сөздерді іздеп тап! Ойын әдісі. Мәтінді мұқият тыңдаңыз, берілген сұрақтарға жауап беретін сөздерді табыңыздар.

Кім?	Не?	Қандай?	Не себепті?	Неге сен солай ойлайсың?
Бала	табиғат	тамаша	Таза, көңілді	Меніңше, табиғат адамға пайдалы.

«Ой қозғау» әдісі сұрақ арқылы тыңдалымға жол ашу:

Табиғатты қорғауға арналған қорықтар бар ма?

Қандай қорықтарды білесіңдер?

Мәтіннің тақырыбын атап айту. «Ақсу – Жабағылы қорығы»

Тыңдалымдағы маңызды тірек

сөздерді үйрету

Сөздікпен жұмыс:

Тақтадағы жазылған жаңа сөздерді аудиодан тыңдату

Мұғалім өзі дауыстап оқиды.

Оқушылар сөздерді тыңдап, қайталап оқиды.

«Біліп ал!» әдісімен сөздің тілдік

ерекшелігіне салыстыру жасайды, синонимін, антонимін табу және сөздіктегі сөздің анықтамасын оқыту.

«Кім алда?» әдісі. Ұсынылып отырғын әдістеме баланың белсенді есте сақтауын, сөздік қорын дамытады. Бәсекеге түсіп ойын түрінде орындалады. Балаларға жарысып өтетін тапсырмалар өте тартымды, қызықты өтеді, олардың қызығушылықтарын арттырады.

Ойын ережесі: тақтада 10 жаңа сөз жазылады, есте сақтауға 30 секунд уақыт беріледі. Мұғалім оқушының неше сөзді

жаттағанын есінде сақтап, көтермелеп, бағалап тұрады.

- Кім екі сөзді жаттады? (Оқушы қолын көтеріп, екі сөзді айтады. Балалар өз алдарындағы парақшаға неше сөз айтқанын белгілейді)

- Кім 5 сөз жаттады? (Оқушы қолын көтеріп, бес сөзді айтады. Балалар өз алдарындағы парақшаға неше сөз айтқанын белгілейді)

Осылайша 10 сөзді естеріне қалай сақтағанын балалар өздері де білмей қалады.

Таблица №1. Деңгейлік тапсырма бойынша көрсеткіш.

10 сөз	8-9 сөз	4-7 сөз	2-3 сөз	0-1 сөз
өте жоғары	жоғары	орташа	төмен	өте төмен

Қазақ тілінде әр түрлі деңгейде сөйлейтін оқушыларға ыңғайлы деңгейлік тапсырмалар.

Таблица №2. «Үш қадам әдісі» Әр оқушыға парақтар таратып беріледі.

Оқушының тегі, аты	I қадам Аудиоматериалды бірінші рет тыңдайды	II қадам Аудиоматериалды екінші рет тыңдайды	III қадам Аудиоматериалды үшінші рет тыңдайды
	Жалпы мазмұнын болжауға арналған жабық сұрақтар	Нақты мәлімет алуға арналған жабық және ашық сұрақтар	Талқылауға арналған қиын ашық сұрақтар
	1. 2. 3.	1. 2. 3.	1. 2. 3.

Сұрақтар мәтін желісімен қойылады. Оқушы мәтінді тыңдай отырып, сұрақтың жауабын анықтайды, көтерілген мәселені болжайды.

«Үш қадам әдісі» Аудиоматериалды үш рет тыңдайды. Тақырыпқа қатысты үш кесте таратылады. Кестеде «I қадам. II қадам. III қадам» деп жазылады. Бұл тапсырма оқушының білім деңгейін зерттеуге көмектеседі.

I қадам. Аудиоматериалды бірінші рет тыңдайды.

Тыңдалым сұрақтары «Инсерт» шартты белгілерін қою үшін параққа жазылған сұрақтар және жазуға ыңғайлы жолақтар қалдырылады. Мәтіннің жалпы мазмұнын болжауға арналған сұрақтар:

1. Қорық деген не?

2. Қорықты шаруашылық мақсаты үшін пайдалануға бола ма?



3. Қазақстандағы ең алғашқы құрылған қандай қорықпен таныстың?

II қадам. Аудиоматериалды екінші рет тыңдайды.

Нақты мәлімет алуға арналған сұрақтар (параққа жазылған сұрақтар және жазуға ыңғайлы жолақтар қалдырылады)

Ақсу – Жабағылы қорығы қандай жерлерді алып жатыр?

Қорық қандай екі өзеннің арасында орналасқан?

Ақсу – Жабағылы қорығы қай жылы құрылған?

Ақсу–Жабағылы қорығы қандай тізімге ілінді?

III қадам. Аудиоматериалды үшінші рет тыңдайды.

Талқылауға арналған сұрақтар (параққа жазылған сұрақтар және жазуға ыңғайлы жолақтар қалдырылады)

Қорықта нелер жүргізіледі?

Мәтінде қандай мәселе көтерілген?

Сенің ойыңша, қорықтағы құс-жануарларды және өсімдіктерді неге қорғайды және неге зерттейді?

Өз басың қорықтарға барып көрдің бе?

Жалпы қорық не үшін керек деп ойлайсың?

Дескриптор:

I қадам. Жалпы мазмұнын түсінуге арналған сұрақтарға жауап берді.

II қадам. Нақты мәлімет алуға арналған сұрақтарға жауап берді. Мәтіннің не туралы екенін анықтады.

III қадам. Талқылауға арналған сұрақтарға жауап береді. Қандай мәселенің көтерілгенін түсінді және сипаттады. Тыңдау арқылы тақырыпты ашып, көтерілген мәселе туралы өз ойын айта алды.

Әр қадамдағы сұрақтардың көмегімен мәтінді түсінді.

Тыңдалымнан кейінгі тапсырмалар:

«Алға топ!» әдісі Топтық жұмыс. Топта отырған оқушылар бір-бір сөйлемнен түсінгендерін мазмұндайды, сұхбаттаса-

ды.

Кері байланыс. Оқушы бір сұрақ – бір жауап айтуы керек.

«Жоба қорғау» әдісімен «Ақсу-Жабағылы қорығы» мәтіні бойынша кластер жасауға және топ болып диаграмманы қорғауға тапсырма беріледі. Топта графикалық органайзер әдісімен жұмыс істеуге тапсырма беру.

«Автор орындығы» әдісі. Оқушылар керекті тірек сөздерді пайдаланып, қосымша ақпаратты және берілген сұрақтардың желісімен 30 сөзден тұратын шағын әңгіме құрастырады. Автор ортаға шығып тыңдалым аудиомәтіннен түсінгендерін әңгімелеп айтып береді

Үй тапсырмасы. Аптасына бір реттен үй жұмысына аудиомәтінді тыңдап мазмұндауға тапсырма беру керек. Сол кезде тыңдалым мәтінін асықпай үйде бірнеше рет тыңдап дайындалуға оқушының мүмкіндігі артады. Әрине ұсынылып отырған әдістердің барлығын бір сабақта қамту мүмкін емес, сондықтан мұғалім оқушылардың жас ерекшелігіне қарай және тыңдалым мәтінінің мән-мағынасына қарай әдістерді таңдайды. Әдістер мен тапсырмалар үнемі бір типті болмауы керек, себебі олар оқушыларды жалықтырып жібереді.

Деңгейлік тапсырмаларды Блум таксономиясына сәйкестендіріп сабақ ұйымдастыруға болады. Блум таксономиясының 6 сатысын 4 деңгейге бөліп, білу сатысынан бастап шығармашылық эверестикалық деңгейге дейін қолдануға болады.

1-деңгейдегі тапсырмаларын орындау барысында «танып білу», яғни жаңа сабақ бойынша берілген тапсырмалармен жұмыс жүргізілді. Бұл тапсырмалар білімнің минималдық шегі, мемлекеттік стандарт талабына сәйкес бағдарлама мөлшерінен аспайтын, оқушының жас ерекшеліктеріне сай таңдалып берілді.

2-деңгейдегі тапсырмалары «қолдану», «талдау» арқылы орындалып, түрленіп, күрделене түседі. Оқушы өз

бетімен жұмыс жасайды, өзін тексереді. Оқушының қабылдауы, жазба жұмыстарын орындау көрсеткіштері міндетті деңгейден әлдеқайда жоғары болды.


3-деңгей тапсырмаларын «жинақтау», «қорыту» арқылы жасалды. Достарына тапсырманы түсіндіруде оқушы өзгені оқыту арқылы өзінің білімін бекітеді.

4-деңгей тапсырмалары «пайымдау» негізінен дарынды, ізденімпаз, қабілеті жоғары, талапты балаларға арналды. Ондай оқушыларға тек тақырыбын ғана беремін, оқушының өзі мақсатын қояды,

нәтижесіне жетеді, жазба жұмыстарын өз бетінше орындайды.

Дарынды оқушыларды бір топқа топтастырып, Блум өлшемдері сұрақтарымен жұмыс жасау барысында оқушылар мұғалімнің көмегінсіз, өздерінің біліктілігі, ой ұшқырлығы арқасында қойылған нәтижелерге қол жеткізе алды. Берілген дайын сұрақтарды Блум өлшемдері бойынша пирамидаларға орналастырып, сұрақтарға сәйкесті жауаптарын беру арқылы жоғары деңгейлі тапсырмаларды өз беттерімен орындайды.

Таблица№3. Деңгейлік тапсырма бойынша көрсеткіш.



А,В,С деңгейдегі оқушыларды бақылау бойынша анализ жасауымыз керек.

Сабақ барысында мұғалім өзінің күнделігіне түртіп алады. Зерттеу жұмысын жүргізеді.[3]

«А» оқушысы – оқуға ынтасы мен белсенділігі жоғары, қазақ тілінде жақсы сөйлейтін оқушы.

«В» оқушысы – оқуға ынтасы мен белсенділігі жақсы, қазақ тілінде орташа сөйлейтін оқушы.

«С» оқушысы - оқуға ынтасы мен белсенділігі орташа, бірақ мектеп онша қызықтырмайтын оқушы.

Тыңдалым дағыдысын меңгерту үшін үнемі сөздік қорларын молайтып отыру керек. Ең бастысы тапсырманың мақсаты

нақты және берілетін тапсырмалар мәтін желісімен болуы керек.

Сондай-ақ, деңгейлік тыңдалым тапсырмасында барлық оқушыларға бірдей мақсат қою керек. Жоғары деңгейлі қабілетті оқушы барлық баспалдақтың тапсырмаларын орындап үлгереді. Әр оқушы өз деңгейіне қарай берілген тапсырманы орындайды. Аудиомәтінді тыңдату әдістемесі де әртүрлі. Мысалы сюжетті мәтіндерді пауза жасатып әр азатжолды жеке-жеке қайталап тыңдату керек, сол кезде ұстаз бен оқушы арасындағы ынтымақтастық артады.

Мысалы: 9-сыныптағы «Биотехнология – болашақтың ғылымы» тақырыбына берілген аудиомәтін ғылыми стильде жа-



зылған мәтін, сол себепті тыңдалым алды жұмыс міндетті түрде жүргізілу керек. Сондай-ақ, әр сұрақтың жауабына тоқталып, үзіліс жасау керек, себебі тапсырма жоғары деңгейлік жұмыс. Ал өлеңдерді мәнерлеп оқуға жаттықтыру үшін өз дауыстарын бейнебаянға жазып әкелуді шығармашылық жұмыс ретінде тапсыруға болады. Бағалау кезінде маңызды психологиялық қолдау көрсету керек: оқушыда осыған дейін пайда болған қиындықтарды шешуге бағытталған тапсырмаларды беру. Тыңдалым кезінде болуы мүмкін қиындықтарды ескеруге және алдын алуға бағытталған әдістемелерді пайдалану.[4]

Тыңдалым дағдысын қалыптастырудың түрлі әдіс-тәсілдерін қолданып білім алушы аудиомәтіннің мазмұнын меңгерді-ау деген кез келгенде бөлім бойынша жиынтық бағалау жұмысына немесе тоқсандық жиынтық бағалау жұмысына тыңдалымға тапсырма қосса оқушыны өз жетістігін ұштауға, тілді түсінуге үйретеді және жауапкершілігін арттырады.

Оқуы орыс тіліндегі мектептердегі қа-

зақ тілі мен әдебиеті сабағында коммуникативтік дағдыларды дамыту мәтінмен жұмыс жасау түрлерінің бірі тыңдалым дағдысын меңгерту барысында қандай жетістіктерге жетуге болады.

Жетістіктер:

Сабақтың оқу мақсатына қарай тыңдалым дағдысын меңгертуге әдістерді, тапсырмаларды шығармашылықпен дайындайтын болдым;


Оқушылар бір-бірін тыңдайтын болды, себебі тапсырмалар мен қалыптастырушы бағалау, жиынтық бағалау критерийлері білім алушыларды аудиомәтінді тыңдауға, түсінуге итермелейді;

Жылдың басындағы білім сапасына қарағанда жыл соңындағы білім сапасы мен үлгерім сапасы артты;

Әр сыныпта аудиомәтінді түсініп өзі ойын айтуға ынталы, сөздік қорын пайдалана алатын оқушылар пайда болды;

Деңгейлік тапсырмалар, түрлі сиқырлы дауыс ырғағымен орындалған диктордың мәтіндерді оқу өнері оқушының тыңдалым дағдысын қалыптастыруға септігін тигізді.

Таблица №4. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен оқу сапасының диаграммасы



Бүгінгі таңда еліміздің бағыт-бағдарында, мән-мәтінінде қазақ тілін оқыту мен оқу тәжірибесін дамыту жөніндегі жұмысты жақсарту бірден бір басты мақ-

саты болып тұр. Қазақ тілінен (екінші тіл ретінде) жаңартылған білім беру мазмұны бойынша сөйлеудің коммуникативтік оқыту ұстанымы төрт дағдыны қамтиды.

[2]

Ұсыныстар:

Ұстаздық конструктивті-мазмұндық іс-әрекетті шығармашылықпен ұштастыру.

Тыңдалым дағдысының қиындықтарды зерттеу, әріптестермен талдау.

Тыңдалым дағдысын оқылым, жазылым, айтылым дағдыларымен кіріктіріп орындау керек. Қазақ тілінде балаларды сөйлету үшін әр сабаққа жіті дайындалу керек. Оқу мен оқыту үшін бағалауды, сыни тұрғыдан ойлау, Блум таксономиясын, АКТ-ны тиімді

пайдалануды, жас ерекшеліктеріне қарай тапсырмаларды дайындауды, таланты және дарынды оқушылармен жұмыс істеу стратегияларын шығармашылықпен құрастыруды ойластыру керек.

Оқушылардың оқу деңгейінің мониторингісінің конструктивті талдауын жүргізіп отыру.

Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, арындай таза ұстау – әр мұғалімнің борышы. Ұстаз деген атқа сай болуды қалыптастыратын жол – ол үнемі іздікте болуға жетелейтін мұғалімнің ары, ұстанымы, көзқарасы және іс-әрекеті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жаңашыл педагогтар идеялары
2. <https://emirsaba.org/tairibi-jaashil-pedagogtar-ideyalari.html?page=4>
3. Әлімбекова Ажар Бостанқызы, Сугирова Бану Асетқызы
4. «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» филиалы Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша
5. Педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты
6. <https://zkoipk.kz/ru/2015smart2/1163-conf.html>
7. Ж. А. Жүсіпова Педагогикалық шеберлік оқулық Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі оқулық ретінде бекіткен
8. <http://rmebrk.kz/bilim/association/jusipova-pedagogikalyk-sheber.pdf>
9. Тыңдалым әрекетін меңгерту және бақылаудың маңызы Көпеш Күләш Бейсенбайқызы Назарбаев Университеті, оқытушы Астана, Қазақстан kkopesh@nu.edu.kz
10. https://nur.nu.edu.kz/bitstream/handle/123456789/1278/%D0%9A%D2%AF%D0%B7%D0%B5%D0%BA%D0%BE%D0%B2%D0%B0%20%D0%BA%D0%BE%D0%BD%D1%84_The%20articles%20Kopesh%202015-03-30.pdf?sequence=1&isAllowed=y





ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Ә.Қ. Құлмағанбет

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
«Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» зертханасының ғылыми қызметкері

Аңдатпа. Мақалада қазақ тілін оқыту барысы оқушылардың психологиялық қырынан даму мәселесін қарастыруды қажет етеді. Оқушының дамуы дегеніміз – оның өмірлік күш-қуаты мүмкіндіктерінің жүзеге асырылуы. Педагог белгілі бір психологиялық ұстанымдарды дұрыс ескеріп отырса, оларды сауатты түрде басшылыққа алса ғана тіл үйренуде, оқудың пайдалы, тиімді, нәтижелі болуына ықпал ететіндігі туралы тоқталған.

Аннотация. В процессе обучения казахскому языку необходимо рассмотреть вопросы психологического развития учащихся. Развитие ученика – это реализация его жизненных силовых возможностей. Педагог лишь правильно учитывает определенные психологические принципы, грамотно руководствуется ими, создает такое чувство в изучении языка, способствует тому, что чтение становится полезным, эффективным, продуктивным.

Abstract. In the process of teaching the Kazakh language, it is necessary to consider the issues of psychological development of students. The development of a student is the realization of his vital power capabilities. The teacher only correctly takes into account certain psychological principles, competently guides them, creates such a feeling in language learning, contributes to the fact that reading becomes useful, effective, productive.

Түйінді сөздер: тіл үйрену психологиясы, психологиялық принциптер, оқушылардың психологиялық дамуы.

Ключевые слова: психология изучения языка, психологические принципы, психологическое развитие учащихся.

Key words: psychology of language learning, psychological principles, psychological development of students.

Қазақ тілі пәнінің маңыздылығы қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесімен дәйектеледі. Сондықтан қазақ тілін оқыту барысында өзге тілде білім алатын оқушылардың қазақ тіліндегі сөйлесім әрекетін мәдениетаралық қатынас құралы ретінде меңгерту көзделеді. Тіл үйрету жұмысы – өте күрделі процесс, сондықтан мен зерттеп отырған мәселемде қазақ тілі пәнінің тілдік-қатысымдық қызметін жүзеге асыруда психологиялық негіздерге сүйену керектігін айтқым келеді. Психологияның жеке пәндер әдістемесін нақтылап түсіндіруде алатын орны ерекше. Оқу жоспарын жасағанда да, қазақ тілі бағдарламасы мен оқулықтарындағы оқу материалдарын іріктеуде де оқушылардың жас ерекшеліктері мен

психологиялық ерекшеліктері ескеріліп отырады. Тіл мен ойлау өзара байланысты. Тіл білімі оқушы бойында ой, сезім, түйсік, қабылдау, есте сақтау қабілетін, икемділік, мінез-құлықты қалыптастыруға ықпал етеді. Неміс халқының «Қанша тіл білсең, сонша адамға теңсің» деген мақалы тегін емес.

Қазақ тілін оқыту барысында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – олардың психологиялық қырынан даму мәселесін де қарастыруды қажет етеді. Оқушының дамуы дегеніміз – оның өмірлік күш-қуаты мүмкіндіктерінің жүзеге асырылуы.

Оқу материалын, білімді есте сақтау – жеңіл жұмыс емес. Сондықтан мұғалім оқушыларға тиісті оқу материалда-

рын, оның ішінде жаттығуларды, сөйлеу жағдаяттарын, сұхбат тапсырмаларын есте сақтаудың ерекшеліктерін ескере отырып ұсынуы керек. Сонымен бірге мұғалім өзге тілді оқушының қазақ тілін оқып үйренуге жеке қызығушылығын, тіл үйренуге деген қабілетін, бейімділігін, психологиясын білгені жөн. Мұғалім балаларға оқу материалдарын, біріншіден, қабілетіне, екіншіден, есте сақтау ерекшелігіне, үшіншіден, оның «мен» деген сезіміне тікелей негіздеп ұсынуы қажет.

«Сөз – ең маңызды педагогикалық құрал, оны ешнәрсемен ауыстыра алмайсың...» – деп оның маңызына ерекше назар аударады. Мұғалімнің сөзі әсерлі, тартымды, сенімді, сондай-ақ дауыс ырғағы мен мимикасы мәнерлі және бай болғаны маңызды. Бұл ойымыз дәлелді болу үшін Ы. Алтынсариннің пікірін келтірейік: «Мұғалім балалармен істес болады: егер олар бір нәрсені түсінбесе, онда мұғалім шәкірттерді кінәламай, оларға дұрыс түсіндіре алмағаны үшін өзін-өзі кінәлауы керек. Мұғалім балалармен сөйлескенде ашуланбай, күйгелектенбей, сабырлылықпен сөйлеп, шұбалаңқы сөздер мен керексіз терминдерді қолданбастан әрбір затты ықыласпен, қарапайым тілмен түсіндіру керек».

Сонымен, педагог өзге тілді сыныптарда қазақ тілі пәнін оқытуда оны тек ойды білдіру ісі ғана емес, өзге адамдармен, қоршаған ортамен, әлеуметтік жағдаяттармен қарым-қатынаста жеке басының жан толқынысын, сезімін білдірудің құралын меңгерту деп те қарауға міндетті, сонда ғана ол пәнді оқыту мақсатын орындай алатын болады.

Педагог белгілі бір психологиялық ұстанымдарды дұрыс ескеріп отырса, оларды сауатты түрде басшылыққа алса ғана тіл үйренуде, оқудың пайдалы, тиімді, нәтижелі болуына ықпал етеді. Ол ұстанымдар:

- Оқушының бұрын меңгерген біліміне сүйеніп үйрету ұстанымы;
- Сезімталдық ұстанымы;
- Жүйкеге күш түсіру ұстанымы;
- Қарым-қатынас ұстанымы;

- Жүйелілік пен жалғастық ұстанымы. Осы ұстанымдарға тоқталайық.

Оқушының бұрын меңгерген біліміне сүйеніп үйрету ұстанымын ескеру – сабақты үш бөлімге бөлу:

1. Білемін
2. Білгім келеді
3. Білдім.

Бұл ұстаным оқушының берілген тақырып бойынша бұрынғы білімін есте сақтауын қажет етеді. Берілген тақырыптың негізін түсіну қабілеті бұрынғымен байланыстырылып отырып, түрлі әдіс-тәсілдер арқылы жүйелі тәртіпте ұсынылған жағдайда ғана жүзеге асады. Жаңа білім бұрынғы білімді кеңейту қажеттілігін туындатады. Бір нәрсеге үйрету үшін үйренушінің білімін дұрыс қолдануына мүмкіндік берілуі шарт. Егер бұлай болмаған жағдайда, оқушының ынтасы төмендейді. Басқа тілді меңгеру алған білімін қайталауды талап етеді.

Сезімталдық ұстанымы мұғалімнен оқушының тіл үйрену жолындағы қиындықтары мен табыстарын, сенімі мен күдігін, қуанышы мен ренішін дер кезде дәл сезініп, оған сол кезде адамгершілікпен, жанашырлық сезіммен көмек көрсетуін талап етеді. Білім беру оқушының өзіне өзі сенуіне, жоғары талғамына және қабілетіне жәрдемші болуы керек. Оған ешқашан «сен білмейсің» деген сөз айтылмауы керек. Мұғалімнің, мүмкіндігінше, оқушының тапсырманы орындауына, табысқа жетуіне сезімталдықпен жәрдем көрсеткені жөн.

Жүйкеге күш түсіру ұстанымы оқушы миына толық күш түсіре оқытуды қажет етеді. Ми өзінің табиғатында жеке бөлшектерді де және тұтас бүтінді де бір кезде қабылдай алады. Мұнда ұстаз шәкірттерінде пайда болуы мүмкін жүйкенің шаршауы, қарсыласуы, зерігуі, нашарлауы, қозуы сияқты күйді назардан тыс қалдырмай, оның сезімдеріне әсер етерлік әрекеттер ұйымдастырады.

Қарым-қатынас ұстанымы – оқушының тілді өз әрекеті арқылы үйренуін көздейді. Оқушы үйреніп отырған тілде неғұрлым көп қарым-қатынас жасамаса,



ол тілді жеткілікті үйрене алмайды. Қарым-қатынастың белсенділігін арттыруда сұрақ берудің мүмкіндіктері зор. Сұрақ беру ойды қозғайтын белсенді әрекет. Мен өз тәжірибемнен сұрақтар арқылы оқушылардың ақыл-ойын, тілін қазақ тілінде жұмыс істеуге, сөздік қорын байытуға болады дей аламын. Мысалы, күнде сабақта қойылатын сұрақтар арқылы «Уақыт» тақырыбына байланысты ай, апта, жыл мезгілдерінің атауын, сандарды жаттатқызуға болады. Сонымен қатар, тақтаға шыққан оқушыға отырған сынып оқушыларының әр тақырыпта сұрақ қоюы арқылы, карточкадағы сұрақтарға жауап беру арқылы, тест сұрақтары арқылы, әр түрлі жағдаяттарға диалог құрастыру арқылы, мәтінге сұрақ қою арқылы сөздік қорын байытуға, қарым-қатынас туған кезде дайын формаларды қолдануға мүмкіндігі бар болуына үйретуге болады.

Сонымен, тіл үйрену ақыл-ойда пайда болған сұрақтарға жауап табуға бағытталғандықтан, ол осы жол арқылы үлкен мәнге, зор мағынаға, өткір өзектілікке, қажетті зәрулікке айналады.

Жүйелілік пен жалғастық ұстанымы мұғалімді жүйесіздік, шашыраңқылық, бір-бірімен байланыспайтын жұмыстар жүргізу сияқты қателіктерден сақтандырады. Ол тілдік бірліктерді, мәтіндерді, пікірлесуді, тәсілдерді қолданумен шектелмей, өз бетінше тілдік қатынасқа саналы түрде түсуін қамтамасыз етуді көздейді. Тілді саналы меңгеру оқушының оқу мотивіне қанағаттануына, оған сеніміне, қабылдауына, қызығушылығына, осыдан туатын тілді үйренудегі белсенділігіне байланысты. «Языку нельзя научить, язык можно научиться» деген орыс линг-

вистерінің сөзі де осы туралы. Осындай саналы жағдайлар туғанда ғана тілді үйретуде мұғалім тиімді нәтижелерге жетеді. Саналылық – жаңаша оқу технологиясының негізгі бір тірегі.

Психологияда баланың дамуы туралы екі түрлі бағыттағы көзқарас бар: бірі – баланың дамуын жетелдетуге болады деген болса, екіншісі – баланың дамуын табиғи күйінде қалдыру керек, тіпті мүмкін болса, тежеңкіреу керек. Өйткені қоғам баланы ертерек есейтуге әрдайым бейім тұратындықтан оның өмірлік күшінің толық пісіп-жетілмеуі мүмкін.

Қоғам дамуы барысында балаға әсер ететін ықпалы зор күштер болады. Бала соның негізінде белгілі бір даму жетістіктеріне ие болып, қалыптасады. Бірақ, оқу-танымдық процесс білім беру мен тәрбиелеуді бір тізгінде ұстайтын болғандықтан, баланың сыртқы және ішкі даму барысындағы тепе-теңдікті бұзып алмау жағына сақ болу керек.

Қорыта айтқанда, жаңа мектептегі жаңа ұстаздардың алдына қоятын мақсаты – оқыту технологиясының /мақсаттарын, міндеттерін анықтау, оқу материалдарын сұрыптау, күтілетін нәтижені жобалау, оқытудың әдіс-тәсілдерін, формаларын, құралдарын таңдау компоненттерінің тұтастығы/ ең лайық деген, қолайлы түрлерін таңдау және өз жұмысында қолдана білу. Тіл үйретуде тиімділік пен нәтижеге жету көрсеткіші болып табылатын оқушының коммуникативтік тілін дамыту және қалыптастыруда оқытудың басқа да түрлерін қолдана отырып, жаңаша оқыту жағдайларын ұйымдастыру табысқа жақындата түсетініне күмәнім жоқ.

Пайдаланылатын әдебиеттер тізімі:

1. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012–2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 Қаулысы.
2. Мұқанов М. *Жас және педагогикалық психология*. — Алматы: Атамұра, 1982. — 204 б.
3. Құрман Н., Есенова Г. *Қазақ тілінен коммуникативтік жаттығуларды қолдану әдістемесінің ғылыми-әдістемелік негіздері*. — Ақтөбе, 2010. — 144 б.
4. Құрман Н. *Қазақ тілін оқытудың әдіснамалық негіздері*. — Астана: Таным, 2008. — 162 б.

ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫН ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Л.А. Нурғалиева

Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы
Байқадам жалпы білім беру мектебі

Аңдатпа. Бұл мақалада Қазақ әдебиетінің жыраулар поэзиясын оқыту ерекшеліктерінің мәселесі қарастырылған. Бұл жарияланымда әдебиетті оқытудағы тәжірибеге сүйене отырып, жыраулар шығармаларын орта мектепте оқытудың өзіндік ерекшеліктерінің тақырыбы қозғалған. Мақала сұрақтар қою, пікір таластыру сонымен бірге, оқушының сөйлеу мәдениетін де қалыптастыру жолдарын зерттеуге арналған. Жыраулар шығармаларын лирикалық жанр ретінде әдеби-теориялық талдаулар жасау пән мұғалімінің шеберлікпен қатар, теориялық терең білімі жан – жақты талдауы жасалынған.

Аннотация. В данной статье рассмотрена проблема особенностей преподавания поэзии жырау казахской литературы. В данной публикации, опираясь на опыт преподавания литературы, затронута тема особенностей преподавания произведений жырау в средней школе. Статья посвящена изучению способов постановки вопросов, дискуссий, а также формированию культуры речи школьника. Литературно-теоретический анализ произведений жырау как лирического жанра наряду с мастерством учителя – предметника проводится всесторонний анализ глубоких теоретических знаний

Abstract. This article discusses the problem of the peculiarities of teaching poetry zhyrau Kazakh literature. In this publication, based on the experience of teaching literature, the topic of the peculiarities of teaching Zhyrau's works in secondary school is touched upon. The article is devoted to the study of ways of posing questions, discussions, as well as the formation of a student's speech culture. Literary and theoretical analysis of zhyrau's works as a lyrical genre, along with the skill of a subject teacher, a comprehensive analysis of deep theoretical knowledge is carried out.

Кілт сөздер: жыраулар поэзиясы, шығармаларды әдеби-теориялық талдау, қазақ әдебиетін оқыту.

Ключевые слова: поэзии жырау, литературно-теоретический анализ произведений, преподавание казахской литературы.

Key words: poetry of zhyrau, literary and theoretical analysis of works, teaching of Kazakh literature.

Қазақ әдебиетінің тарихында жыраулар шығармашылығының алатын орны зор. Қазақ бастауы ретінде жасалған жыраулар мұрасын оқытудың жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеудегі маңызы ерекше екені анық.

Жалпы білім беретін мектептердің 9-сыныбында жыраулар поэзиясы кең қамтылған. ХУ-ХУІІІ ғасырлардағы әдебиет өкілдері Асан қайғы, Қазтуған жырау, Доспамбет жырау, Шалкиіз жырау, Жиёмбет жырау, Ақтамберді жырау, Үмбетей жыраулар мен Шал ақын шығармалары берілген.

Әдебиетті оқытудағы тәжірибеге сүйене отырып, жыраулар шығармаларын орта мектепте оқытудың өзіндік ерекшеліктеріне тоқталып өтпекпіз. Жыраулар шығармашылығын оқытуды ең алдымен, оқушының мәтінді, яғни толғаулардың өзін оқып танысуынан бастауымыз қажет деп ойлаймыз. Толғаудағы басты ерекшеліктің бірі болып танылатын ырғақты сақтай отырып, жырдың өр рухын таныту үшін шығарманы мақамымен оқи білу қажет. Толғауларды бір сарынмен судырата оқыту арқылы оқушыны жалықтырып алуымыз мүмкін. Әдебиет сабағында көр-

некіліктерді ретсіз қолдана бергеннен гөрі лирикалық шығарманың ырғағын, әуезін нақышына келтіре оқысақ, соның өзі тыңдаушыға ерекше әсер береді. Әдеби шығарманы оқушыларға мақамдап оқытуда дауыс ырғағын сақтауды, кідіріс жасай білуді және оқу қарқынын бұзбауды талап ете отырып, толғаудың лирикалық жанр ретіндегі өзіне ғана тән табиғатын таныта алар едік.

Мысалы, Шалкиіз жыраудың «Аспанды бұлт құрсайды» деп басталатын Би Темірге айтқан толғауындағы мына жолдарды бір сарынмен оқи салсақ, автордың өр поэзиясының қуатын бере алмаспыз:

Еділден аққан сызашық

Біз көргенде тебенгіге жетер жетпес су еді, -

Телегейдей сайқалтып,

Жарқыраған беренді

Теңіз етсе, тәңірі етті.

Жағасына қыршын біткен тал еді, -

Жапырағын жайқалтып ,

Терек етсе, тәңірі етті!

Тебінгінің астынан

Ала балта суырысып,

Тепсінісіп келгенде

Тең атаның ұлы едің, -

Дәреженді артық етсе, тәңірі етті!

Өз тәжірибемде қолданғаным, толғауларды, әсіресе, Б.Тілеухановтың орындауындағы толғаулар кәсіби әншілердің орындауында тыңдату болды. Балаларда толғауды домбыраның сүйемелдеуімен орындау талабы күшейді. Оқыту барысында толғаудың табиғатында бар әуенмен орындалу шартын сақтау, оқушыны еліктіре түседі.

Бұл орайда батыр әрі сөзге шешен жыраудың тәкаппар да өршіл рухы толғауларындағы ырғақпен берілетінін айтқан зерттеуші ғалым М.Мағауиннің «...ырғаққа үлкен мән беріліп, басы озып тұрған тармақтар ерекше екпінмен ай-

тылады. Сөйтіп, өлеңдегі тармақтардың буын санына әртүрлі нақыс, өзгеше көрік береді» деген пікірін назарда ұстағанымыз жөн деп ойлаймыз.

Білім беру жүйесіндегі дамыта оқытуға байланысты оқушыны өз бетінше ізденуге, оқулыққа қосымша материалдарын пайдалана отырып, өзіндік пікірін білдіріп, ойын жеткізуге үйрету үшін ізденіс жұмыс түрлерін де ұсынуға болады. Мұнда баяндама, реферат жазуды тапсырып, ізденіс нәтижесін ауызша қорғау жұмыстарында, сонымен бірге, басқа оқушылардың баяндаманы тыңдап, пікір айтуға қатыстыру жұмыстары да жүргізіледі.

Мұндай жұмыс түрлері 9-сынып оқушысының өз бетінше іздену жұмыстарын жүргізу дағдыларын ұштай түседі. Баяндамашыны тыңдау, сұрақтар қою, пікір таластыру сонымен бірге, оқушының сөйлеу мәдениетін де қалыптастырады.

Сабақ барысында оқушылардың жыраулардың ерлік тақырыбындағы толғауларын талдау барысында ертегілердегі батырлармен және қаһармандық жырлардағы батырлармен салыстырулар жасағаны олардың оқулықтан басқа қосымша материалдарды пайдаланып, ондағы пікірлерді орынды пайдалана білуді меңгергенін аңғартады.

Мектеп тәжірибесінде, лирикалық шығармаларды оқытуда әдеби талдауға бара бермейтініміз рас. Сюжетсіз лирикалық туынды мазмұндап айтуға келмейді. Жыраулар шығармаларын лирикалық жанр ретінде әдеби-теориялық талдаулар жасау пән мұғалімінен шеберлікпен қатар, теориялық терең білімді қажет етеді.

Мәтінге әдеби талдау жасауда әдеби-теориялық ұғымдарды меңгертумен сабақтастырып отыру керек. Әдеби-теориялық талдауда шығарма тілі, көркемдік деңгейі таразыланады.

Пайдаланылған әдебиет:

1. М. Мағауин, М. Байдильдаев. Ай, заман-ай, заман-ай... - Алматы Қазақ ССР баспасы жөніндегі мемлекеттік комитеті бас редакциясы. – 81 бет.

2. Қазақтың жүз романы. Оқу құралы. Құрастырып, баспаға дайындаған академик Рымғали Нұрғали. – Астана: «Фолиант», 2004.

АЛТЫ ЖАСАР БАЛАЛАРДЫ МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУҒА БЕЙІМДЕУ ҮДЕРІСІНДЕГІ МЕКТЕП ПЕН ОТБАСЫНЫҢ ӨЗАРА ІС-ӘРЕКЕТІ

С.Т.Атейбек

*Қалалық білім берудегі жаңа технологиялардың
ғылыми-әдістемелік орталығының әдіскері*

Аңдатпа. Мақалада алты жасар балаларды мектепте оқытуға бейімдеу үдерісіндегі мектеп пен отбасының өзара іс-әрекеті қарастырылады. Сонымен қатар баланың мектепке бейімделу кезеңдері мен атқарылатын жұмыс түрлері зерделене отырып, соған сәйкес ұсыныстар берілген.

Аннотация. В статье рассматривается взаимодействие школы и семьи в процессе адаптации шестилетних детей к школьному обучению. Также изучены этапы адаптации ребенка к школе и виды выполняемых работ, даны соответствующие рекомендации.

Abstract. The article deals with the interaction of school and family in the process of adaptation of six-year-olds to school education. The stages of the child's adaptation to school and the types of work performed are also studied, and appropriate recommendations are given

Кілт сөздер: алты жасар балалар, мектепке бейімдеу, мектеп пен отбасының өзара іс-әрекеті, ынтымақтастық.

Ключевые слова: шестилетние дети, адаптация к школе, взаимодействие школы и семьи, сотрудничество.

Key words: Six - year-olds, adaptation to school, interaction between school and family, cooperation.

Қазіргі заманда білім беруде баланы мектепке оқытуға дайындау өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Баланың мектепке келуі – балаға да, оның ата-анасына да өте жауапкершілікті кезең болып саналады. Оқу әрекетіне еш ауыртпалықсыз әрі табысты кірісіп кету үшін баланың дені сау және жан-жақты даярланған болуы қажет.

Мектепте оқу – бала өміріндегі әр түрлі жүктемесі бар ең маңызды кезеңге жатады: бала өміріндегі әлеуметтік – психологиялық өзгерістер – жаңа қарым-қатынастар, жаңа міндеттер, «оқушының» жаңа әлеуметтік рөлі.

Оқушы болу баланы саналы түрде өзінің орнын, мұғалімнің позициясын, қарым-қатынастағы белгіленген ара

қашықтықты, осы қарым-қатынастар құрылатын ережелерді талап етеді.

Мұнда баланың мектепке бейімделуінің бірінші кезеңінде баланы бірге алып жүретін адамдар – мұғалімдер мен ата-аналар қандай іс-әрекеттерді таңдайтындығы; қандай да бір қиын жағдайда тиімді әрі дер кезінде психологиялық қолдау көрсету мүмкіндіктерінің қалай болатындығы өте маңызды рөл атқарады.

Әсіресе алғашқы күндер (кейбір балалар үшін алғашқы айлар) қиын болады. Бұл уақытта жаңа жағдайға бейімделудің қиын үдерісі жүріп жатады. Бейімделу кезеңінде бала тәртібінде ұйқысы бұзылады, тәбеті тартпайды, ашушаңдық, мазасыздық, тұйық

мінезділік, жылау, балаға тән емес көп сөйлегіштік немесе сөзге сараңдық және т.б. өзгерістер болады. Бұлардың барлығы жүйкесінің шаршауының сыртқы көрінісі болып табылады, бірақ бұл өзгерістер уақыт өте келе қалпына келеді, балалар мектеп өміріне үйренеді, аз шаршайды; көңіл-күйлері көтеріңкі жүреді, ата-аналарымен, құрдастарымен еркін араласады, тапсырмаларды орындауға тырысады.

Көптеген балалардың мектепке бейімделу үдерісі осылайша орын алады. Ал кейбір балаларда жаңа жағдайға бейімделу аса ауыр міндет болып табылады: олар жиі әрі ұзақ ауырады, ауырғаннан кейін ағзалары әлсіреп, қарсы тұру қабілеті төмендейді.

Неліктен көптеген балалар оқудың алғашқы кезеңін бұлай қабылдайды? Мәселе өте күрделі. Балалардың мектепке бейімделу ерекшеліктеріне басты себептердің бірі – баланың денсаулық жағдайы, биологиялық жетілу деңгейі, сондай-ақ оқыту үдерісіне қажетті сол біліктер мен әрекеттердің дамуы болып табылады.

Осыдан барып баланы мектепке оқытуға міндетті түрде дайындау қажет деген қорытынды шығады. Мұндай дайындыққа баланың денсаулығын нығайту, баланың оқуға деген қажетті дағдыларды меңгеруі жатады. Басты табыс – педиатр-дәрігерлердің, ата-аналар мен тәрбиешілердің күштерін біріктіре жұмыс атқаруы болып табылады.

Сондықтан балалар бақшасына бармаған болашақ бірінші сынып оқушысының ата-анасы баланы дер кезінде толық медициналық тексеруден өткізіп, дәрігерлердің нұсқауын толығымен орындауы керек.

Аталған медициналық тексерулер баланың мектепке оқуға дайындығының негізі болып табылады. Дені сау, шыдамды, дамуы дұрыс, аз ауыратын балалар тез бейімделіп, оқу жүктемесін қиындықсыз меңгеріп кетеді. Ағзасының

әлсіздігі, жиі ауыру, созылмалы аурулар – баланың мектепте оқуға дайындығы жағынан тәуекел тобына жатады. Мұндай топқа сондай-ақ биологиялық деңгейі жас шамасы жағынан басқа балалардан жетілмеген балалар тобын да алуға болады. Балалардың алты жастан мектепке баруын дәрігер шешуі тиіс. Егер де дәрігердің шешімі бойынша бір жыл күте тұру қажет болатын болса, ата-аналар бұл шешімді қайта қарастырмай, күтуі қажет.

Мектептегі алғашқы жыл – бұл да бір ата-аналарға арналған өзінше сынақ мерзімі болып табылады, мұнда олардың баланы мектепке дайындаудағы жіберген кейбір кемшіліктері байқалады: балаға көңіл бөлмеу, оның ерекшеліктерін білмеу, қарым-қатынастың жоқтығы, көмектесе алмау. Сонымен қатар, олар өздері де байқамай баланың күйзеліске ұшырауына себепкер болады, себебі мектепке бейімделу біршама уақытты қажет ететін үдеріс. Жаңа ортаға бейімделу бір күн немесе бір аптаның ғана үлесінде емес.

Тәжірибелі ұстаз бен ұқыпты ата-ана тәрбиенің талаптары, ережелері мен қағидалары үлкендердің көңіл-күйіне тәуелсіз, «алма-кезек» болмауының соншалықты маңызды екендігін біледі әрі түсінеді. Мұғалім алғашқыда-ақ оқушыларға қандай талап қойылатындығын айтып, оның мектепке дейінгі және мектепке келгендегі жаңа бағыты мен құқықтарының, міндеттерінің ерекшелігін көрсетеді, түсіндіреді. Осы орайда мұғалім атақты педагог Ш.Амонашвилидің мынандай кеңесіне: «Балалар белсенді жан иесі... Ал егер осылай болатын болса, онда оларға ұйымдастырылған орта құру керек, бірақ та саусақ шошайтып қорқытып, олардың салдары туралы ескертіп, өсиет айтып отыратын орта емес, олардың іс-әрекетін ұйымдастырып, дұрыс жолға бағыттап отыратын орта құрса өте жақсы болар еді [3].

Мектепте оқуға әзірлік мәселесі – педагогика және психология ғылымдарының теоретиктері мен практиктерінің қызығушылықтарын тудырып жүрген зерттеу саласының бірі. Баланың мектепте оқуға дайын еместігі оның өміріндегі келесі кезеңдерде де көптеген мәселелерді туғызуда.

«Баланың мектепте оқуына дайындығы» ұғымын Л.А. Венгер былай дейді: «Мектепке дайын болу – оқу, жазу және есептей алу ғана емес. Мектепке дайын болу – осылардың барлығын үйренуге дайын болу» [6].

Балаға «осылардың барлығына үйренуге» не көмегін тигізеді? Алдымен мектепке деген дәлелді әзірлік болуы қажет, яғни балалардың оқуға деген ынтасы болуы керек. Баланың ынтасы туралы ақпаратты олармен сюжетті-рөлдік ойындар ойнау барысында алуға болады. Мектепте оқуға дайын балалар оқушылардың рөлінде ойнауды жөн көреді, олар жазады, оқиды, есептер шығарады және тақтаға шығып, жауап береді, баға алады. Дайын емес балалар және жас шамасы жағынан кіші балалар мұғалімнің рөлінде ойнайды, сонымен қатар олар үзіліске, мектепке келу мен одан қайтуға, мұғаліммен амандасуға көңіл бөледі.

Бірақ та баланың мектепке баруға деген ынтасы оқуға тікелей қатысы жоқ болуы да мүмкін. Мектепке баруға деген қызығушылық олардың қатарластарының да мектепке баратындығы себеп болуы; немесе ол үйдегі ата-аналарынан белгілі бір гимназияда оқу өте маңызды әрі құрметті екендігін естуі; немесе ол жаңа әдемі оқу құралдарын сыйлыққа алуы мүмкін, яғни балаларды барлық жаңа нәрселер қызықтырады. Бала өзіне таныс емес жаңа нәрсені білу үшін мектепке баруға қызығады; белгілі бір құқықтары (тағы да сол түрлі-түсті қарындаштар мен дәптерлерге), сонымен қатар өзіне бекітілген міндеттерге (ерте тұру, сабаққа дайындалу) болғандықтан қызығуы

мүмкін.

Бала ойын немесе қыдырудан гөрі сабаққа дайындалу қажеттігін толығымен сезінбеуі де мүмкін, бірақ, ол сабақ оқу керектігін біледі, міне сонда ғана барып, оқушы позициясы бар екендігі туралы айтуға болады.

Психологтар баланы мектепте оқытуға әзірлік проблемасын талдай отырып, келесідей әзірліктің өлшемдерін бөліп қарастырады.

Баланың мектепке тұлға ретінде дайындығы. Баланың мектепке тұлға ретінде дайындығы балада жаңа әлеуметтік позицияны қабылдауға әзірлігін, яғни белгілі құқықтары мен міндеттемелері бар оқушы болуды қалыптастыру.

Бұл тұлғалық әзірлік баланың мектепке, оқу әрекетіне, мұғалімдерге, өзіне деген қарым-қатынасынан көрініс табады. Тұлғалық әзірлікке мотивациялық өрісі деңгейін анықтау кіреді. Мектеп өзінің сыртқы жағынан яғни, мектеп атрибуттары – сөмке, оқулық, дәптер және т.б. қызықтыратын баланы мектепке дайын деп айта алмаймыз, ал танымдық қызығушылығын дамытуды ұйғаратын жаңа білім алу мүмкіндіктерін айтамыз. Болашақ оқушы мотивтің иерархиялық қалыптасқан жүйесіндегі өзінің тәртібін, танымдық әрекетін үнемі қадағалап отыруы қажет. Сонымен бала дамыған оқу мотивациясын меңгеруі тиіс. Тұлғалық әзірлік баланың көңіл-күйінің белгілі бір даму деңгейін болжайды. Мектепте сабақ басталар алдында баланың көңіл-күйі салыстырмалы түрде тұрақтануы тиіс, соның аясында оқу әрекетінің өтуі мен дамуы мүмкін [11].

Баланың мектепке интеллектуалдық әзірлігі. Әзірліктің аталған құрамы баланың ой-өрісінің кең, нақты білім қорының болуына байланысты. Бала оқытылатын материалға деген теориялық қатынас элементтері, қорытылған ой түрлері және негізгі логикалық операциялар, мағыналық есте сақтау

меңгерілуі тиіс. Бірақ, негізінен баланың ойлауы заттармен және олардың түрлерімен нақты әрекетке сүйенген образды түрде болып қалады. Сонымен қатар интеллектуалдық дайындық оқу әрекетіндегі баланың бастапқы біліктерін, жекелеп алғанда оқу тапсырмасын бөліп қарай алатын және оны өзіндік іс-әрекеттің мақсатына айналдыруды қалыптастырады. Қорыта келе, баланың мектепте оқуына интеллектуалдық дайындығын дамыту төмендегіше орын алады деп айтуға болады:

салыстырмалы қабылдау;

аналитикалық ойлау (құбылыстар арасындағы негізгі себептер мен байланыстарға жету қабілеті, үлгіні еске түсіру қабілеті);

шындыққа үнемді ыңғай жасай алу (қиялдың босаңсуы)

логикалық есте сақтау;

білімге, қосымша күштердің есебімен оны алу үдерісіне деген қызығушылық;

ауызекі сөйлеу түрлерін және олардың рәміздерін түсіну, қолдану қабілетін меңгеру;

нәзік қол қимылдарын және көру-сезіну қабілеттерін дамыту [10].

Баланың мектепке әлеуметтік психологиялық дайындығы. Дайындықтың бұл компоненті балалардың басқа балалармен, сыныптастарымен, мұғаліммен қарым-қатынас жасау қасиеттерін қалыптастырады. Бала мектепке, сыныпқа алғаш келген кезде басқа балалармен өзара қарым-қатынас жасауына, балалар қоғамына кірігу біліктері қажет болады, басқалармен бірлесе әрекет жасауға, қорғануға және жол беруге тура келеді. Сонымен аталған компонент балалардың бір-бірімен қарым-қатынас жасау қажеттіліктерін, балалар тобының салттары мен қызығушылықтарына бағына білу біліктерін, мектепте оқу жағдайында оқушы рөлінде болу қабілеттерін дамытуды болжайды.

Бейімделу ерекшеліктері. «Мектепке

бейімделу» – баланың алғашқы оқу ұжымына (сыныпқа), тәртіп ережелеріне және жаңа ұжымдағы өзара қарым-қатынасқа бейімделуі. Мектепке бейімделу үдерісінде баланың сыныптың өзара қарым қатынасына, салтына, өмір қағидаларына, құндылық бағдарына араласуы жүреді.

Баланың мектепке бейімделу кезеңі 2-3 айдан жарты жылға дейін созылуы мүмкін. Бұл көптеген факторларға байланысты: баланың жеке басының ерекшеліктері, қоршаған ортамен өзара қарым қатынас сипаты, оқу орнының түрі (яғни, білім беру бағдарламасының деңгейі) және баланың мектеп өміріне дайындық деңгейі.

Үлкендердің, яғни ата-әже, әкешешенің қолдау жасауы да маңызды факторлардың бірі. Осы үдерісте үлкендер мейлінше қолдан келгенше көмек көрсетсе, бала жаңа жағдайға тез бейімделіп кетеді.

Мектепке бейімделудің түрлері:

а) физиологиялық бейімделу. Баланың мектепке физиологиялық бейімделу үдерісін бірнеше кезеңдерге бөлуге болады.

Бірінші кезең – оқу басталуына байланысты жаңадан әсер етуші ықпалдардың әсерінен балалардың ағзасының барлық жүйесі қарқынды түрде жауап қайтарады. Бұл «физиологиялық толқу» айтарлықтай ұзақ уақытқа – 2-3 аптаға созылады. Осы кезеңде ресурстарды үнемдеу туралы айтуға да болмайды, себебі мұнда барлық күш-жігер жұмсалады. Сондықтан ата-аналар осы кезеңде әрбір бала жоғары физиологиялық күш жұмсайтындығын ескеруі тиіс.

Екінші кезең – бұл тұрақсыз бейімделу кезеңі, ағза осы ықпалдарға әсер ететін тиімді (немесе тиімдіге жақынырақ) варианттарды іздеп табады.

Ал үшінші кезең – бұл біршама тұрақты бейімделу кезеңі, ағза аз күш жұмсауды талап ететін (жүктемеге әсер

ететін мейлінше сәйкес келетін) әдісті іздеп табады [2].

Оқушы қандай жұмысты орындасын, мейлі ол ақыл-ой жұмысы болсын, мейлі амал жоқтан отырып істейтін қосалқы жүктеме болсын немесе үлкен әрі таныс емес ұжымда қарым-қатынас жасауға психологиялық жүктемеге ағза, яғни оның әрбір жүйесі өзінің күшіне, жұмысына жауап қайтаруы қажет. Бала ағзасының мүмкіндіктері шексіз, ұзақ күш жұмсау, соған байланысты шаршау немесе болдыру баланың денсаулығына кері әсер етуі мүмкін екендігін барлығымыз да білеміз.

Мұның барлығын айтып отырғанымыздың себебі, біз кешегі тынымсыз балалардың тез шаршағыш болатындығын, оларды партада «тағы да бір сағат» отыра тұр деуге мәжбүрлеудің болмайтындығын, күн тәртібін сақтау керек керектігін білдік. Мынаны есте сақтау керек: бала өмірінде қайта құрудың қиындығы барлық балалардың басынан өтеді. Мектепке бейімделудің баяулауының бастысы – бала денсаулығы, сондықтан олардың денсаулығына мән беріп, ауру-сырқауларын емдеп жазу керек.

б) Әлеуметтік-психологиялық бейімделу. М.М. Безруких және С.П.Ефимова әлеуметтік-психологиялық бейімделу (тұрмыста-мектепке үйрену) әр түрлі болып өтуі мүмкін дейді [5].

Көптеген балалар оқудың алғашқы екі айында бейімделеді. Олар ұжымға тез қосылып кетеді, сыныпқа үйренеді, жаңа достар табады; үнемі көтеріңкі көңіл-күйде жүреді, сабырлы, байыпты болып, мұғалімнің талаптарын өз еркімен еш қиындықсыз орындайды. Әрине, олар тәртіптің барлық ережелерін орындай қоюы қиынырақ, бірақ қазан айының соңына қарай мұндай балалар жаңа оқушы дәрежесіне, жаңа талаптарға, жаңа күн тәртібіне тез үйреніседі.

Ал кейбір балалардың мектепке бейімделуіне біраз уақыт қажет; олар бір

ай немесе одан да көп уақыт бойы сабақта ойнап отыруы мүмкін немесе мұғалімнің ескертуіне қарамай сыныптастарымен төбелесуі мүмкін (немесе керісінше «кішкентай балалар сияқты» жылап және олардың оқу бағдарламасын меңгеруі қиындыққа түсуі мүмкін. Тек бірінші тоқсанның соңында ғана олардың тәртібі дұрысталады.

